

● ПРЕЗИДЕНТ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Елбасы «Самұрық-Қазына» АҚ басқармасының төрағасы Өмірзақ Шокеевті қабылдады. Ө.Шокеев кездесу барысында Мемлекет басшысына холдингті трансформациялау бағдарламасын және оның активтерін жекешелендіруді жүзеге асыру барысы туралы, сондай-ақ корпоративтік басқаруды жетілдіру шаралары жөнінде баяндады.

2015 жылы компанияның ағымдағы шығыстары 520 миллиард теңгеге қысқартылды, басымдығы жоқ бірқатар инвестициялық жобалар кейінге қалдырылды, соның арқасында 255 миллиард теңге үнемделді. Кредиторлармен келіссөздер нәтижесінде компаниялар тобының жалпы қарызы 7 миллиард долларға азайды.

Нұрсұлтан Назарбаев жүзеге асырылып жатқан жекешелендіру бағдарламасының маңыздылығын атап өтіп, осы үдерістің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету міндетін қойды.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті әлемдік экономиканың тұрақсыздығына қарамастан, холдинг әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруды жалғастырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға тиістігіне назар аударды.

Ө.Шокеев өңірлердегі ірі жобаларға, соның ішінде Атырау облысындағы мұнай химиясы өнімдерін шығаратын кәсіпорын құрылысына, Жамбыл облысындағы қауіпсіздік сода және гли-фосфат өндіретін өндірістік кешенге, сондай-ақ «Солтүстік-Шығыс» электр тарату желісінің құрылысына инвестиция салу көлемі ұлғайғаны туралы айтты.

Елбасы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ ТУРАЛЫ БАҒЫТЫ НАҚТЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышевті қабылдады.

Д.Ақышев кездесу барысында Мемлекет басшысына ақша-несие саясатындағы негізгі бағыттар мен қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы баяндады.

Қазақстан Президенті қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономиканы дамытуға ықпал ету жөніндегі жұмысты жалғастырудың маңыздылығына тоқталып өтті.

Елбасы шағын және орта бизнес субъектілеріне, сондай-ақ баспа-на құрылысын одан әрі жалғастыру ісіне қолдау көрсету қажеттігіне де назар аударды.

Д.Ақышев экономиканың нақты секторын қаржыландыру шаралары елдің даму қарқынына оң әсерін тигізуге тиістігін айтты.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2013 жылғы 15 тамыздағы №615 Жарлығына сәйкес, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Елеуәлі Кошербаев 2016 жылғы 17 ақпанда сағат 11.00-де Н. Бекежанов атындағы драма театры халық алдында есеп береді.

Халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлері үшін арнайы жәшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған:

Арал ауданы бойынша: Арал әкімі аппараты және қала әкімі аппаратының ғимараты.

Қазалы ауданы бойынша: Әйтеке би кенті әкімі аппараты, Қазалы қаласы әкімі аппараты, қалалық мәдениет үйі ғимараттары, «Қазпошта» аудандық байланыс ғимараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы, темір жол вокзалы, автовокзал, «Ырыс-Болат» базары.

Қармақшы ауданы бойынша: Жосалы кенті әкімі аппаратының ғимараты, темір жол вокзалы, «Халық Банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» аудандық байланыс ғимараты.

Жалағаш ауданы бойынша: Арал әкімі аппаратының ғимараты, аудандық мәдениет үйі, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараты.

Сырдария ауданы бойынша: Кент әкімі аппаратының ғимараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық орталық аурухана, Сырдария аграрлы-техникалық колледжі.

Шіелі ауданы бойынша: Халыққа қызмет көрсету орталығы, «Халық Банк» АҚ аудандық бөлімшесі, мемлекеттік кірістер басқармасы ғимараты, темір жол вокзалы.

Жаңақорған ауданы бойынша: Кент әкімі аппаратының ғимараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы.

Қызылорда қаласы бойынша: Темір жол вокзалы, автовокзал, әуежай, «Жайна», «Айтбек», «SMALL», «Универсам», «Сырдария» сауда үйлері, М. Ералиева атындағы мәдениет үйі, «Жаңа базар» базары.

Ескертпе: Барлық аудандардағы, Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттерде әкім аппараты немесе ауылдық клуб ғимараттарында жәшіктер орналастырылған.


● ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМ

НАУРЫЗ АЙЫНДА «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Қазақстанда 1 наурыздан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы жұмыс істейді, оған мемлекеттік төрт кәсіпорын біріктіріледі.

Мемлекеттік корпорацияға «Халыққа қызмет көрсету орталығы», «Жылыжаймайтын мүлік орталығы», «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» және «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» кіреді. «Корпорация біріктіріліп отырған кәсіпорындар қаражатынан қаржыландырылады. Республикалық бюджеттен қосымша қаражат алынбайды», - деді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті өкілдері.

Қазақстандықтар осылайша үзіліссіз қызмет ала алады.



Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 АҚПАН БЕЙСЕНБІ

2016 жыл №21 (19106)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



ЖАҢА НАРЫҚҚА ЖОЛ АШЫЛАДЫ

Елбасы Н.Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысына қатысты. Отырыс барысында 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары шығарылып, экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар айқындалды.

Мемлекет басшысы 2016-2018 жылдарға арналған Дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары аясындағы негізгі жұмыс бағдарының бірі қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету екенін атап өтті.

– Ұлттық банк теңгенің еркін айыр-бас бағамы деңгейін сақтап, бағамның күрт ауытқуына жол бермей және долларсыздандыруды жалғастыра отырып, тиімді ақша-несие саясатын жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс. Бүгінде банктердің ликвидтілік алуына шектеу жоқ. Ұлттық банк қазіргі жағдайда дұрыс саясат жүргізіп отыр деп санаймын. Қаржы ахуалына күн сайын мониторинг жасауды жүзеге асырып, Үкіметпен бірге жедел шаралар қабылдаған жөн, - деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы жол» және индустриаландыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды орындау, агроөнеркәсіп кешеніндегі басымдығы бар жобаларды жүзеге асыру, шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жұмыспен қамтуды және іскерлік белсенділікті қамтамасыз ете отырып, экономиканы одан әрі әртараптандыруға айрықша назар аудару қажеттігін атап өтті.

Қазақстан Президенті қаржылық мүмкіндіктерді, соның ішінде теңгенің айыр-бас бағамын өзгерту есебінен болған үнемдеуді ескере отырып, төмендегідей бағыттар бойынша дағдарысқа қарсы қосымша шараларға қаражат жөнінде шешім қабылдағанына назар аударды.

ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ЖАҢДАНДЫРУ

Саланың одан әрі дамуына қолдау жасау үшін «Нұрлы жол» бағдарламасын 2017 жылы жүзеге асыруға жоспарланған қаражатты 2016 жылға ауыстыру есебінен 360 миллиард теңге бөлу жөнінде тапсырма берілді.

Осы қаражаттың 53 миллиард теңгесі «Бәйтерек» холдингі желісі арқылы жалға берілетін тұрғын үй құрылысын жалғастыруға, 149 миллиард теңгесі несиеді тұрғын үй құрылысына, соның ішінде 22 миллиард теңге салымшыларды жергілікті атқарушы органдар мен Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы несие-леу-ге бағытталады. Сонымен қатар, жекеменшік құрылыс компанияларын қолдау үшін

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ, ЭКОНОМИКАНЫҢ БАЗАЛЫҚ САЛАЛАРЫН ҚОЛДАУ

Қазақстан Президенті жеке компаниялардың басқаруына берілгенге дейін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының қаражаттарының сақталуы мен табыстылығын қамтамасыз етуді, бос зейнетақы жинақтарын 2016 жылы 1 триллион 450 миллиард теңге сомасында бірқатар бағыттар бойынша инвестициялауды тапсыр-ды. Атап айтқанда, 500 миллиард теңге БЖЗҚ қаражаттарының әртарапталуын қамтамасыз ету және азаматтардың зейнетақы жинақтарының

табыстылығын арттыру мақсатында сыртқы нарықтарда инвестициялау үшін шетел валю-тасына ауыстыруға бағытталады.

Сондай-ақ 600 миллиард теңге екінші деңгейлі банктер мен ұлттық холдингтердің шартталған облигацияларын қайтарымды негізде және зейнетақы активтерінің сақталуы мен табыстылығын арттыру үшін нарықтық пайыздық мөлшерлеме арқылы сатып алуға жұмсалды. Бұдан әрі аталған қаражат экономиканың маңызды секторларын ынталандыру үшін инвестицияланады. Негізгі бағыттардың қатарында, біріншіден, шағын және орта бизнес қажеттіліктерін айналым қаражаты арқылы шарттық негізде қаржыландыру және қарыздарын қайта қаржыландыру мәселесі бар. Бұл кәсіпкерлердің 700 жобасын қаржыландыруға, 14 мың жұмыс орнын ашуға, 540 милли-ард теңгенің өнімін өткізуге және бюд-жетке шамамен 60 миллиард теңге салық түсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екіншіден, Қазақстанның онтүстігіндегі энергия тапшылығын азайту мақсатында «KEGOC» АҚ-ның «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік» жобасын жүзеге асыруды жеделде-ту. Үшіншіден, АӨК-нің басымдығы бар жо-баларын, соның ішінде ет және сүт өндіру мен өңдеу жөніндегі жобаларды қаржыландыру. Төртіншіден, 3456 ауылдық елді мекеннің кеңжаздық интернет желісіне қол жеткізуді қамтамасыз ету.

ХАЛЫҚТЫҢ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫН ҚОЛДАУ

Нұрсұлтан Назарбаев әлеуметтік саясаттың басымдығы бар міндеті жұмыс орындарын сақтап, жаңа жұмыс орындарын ашу болып са-налатынына назар аударды. Осыған байланыс-ты 2016 жылы Үкіметтің арнаулы резервінен қосымша 100 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлу тапсырылды.

Аталған қаражаттың 63 миллиард теңгесі маңызды арттырылған Жұмыспен қамтудың жол картасын жүзеге асыруға бағытталады. Ол 2009-2010 жылдардың Жол картасындағыдай әлеуметтік инфрақұрылымды және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысан-дарын жөндеу ісін, шағын несие беру ауқымын ұлғайтуды, жұмыссыз жастар үшін жатақханалар салуды, сондай-ақ жұмыс берушілердің жұмыс орындарын сақтау жөніндегі шығындарын субсидиялау ісін қамтиды.

– Бұл 60 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтуға, соның ішінде мыңға жуық

инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру арқылы 18 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді, - деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, шағын және орта бизнес ны-сандарына жетіспей жатқан инфрақұрылым желісін тарту үшін «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қосымша 15 миллиард теңге бөлуге тапсырма берілді.

Қазақстан Президенті дағдарыс уақытында отандық экономиканы қолдауға елеулі қаражаттың бөлінуі Ұлттық қорды дер кезінде құрудың, зейнетақы жүйесін және жалпы экономиканы реформалаудың, сондай-ақ теңгенің еркін бағамына көшудің арқасында мүмкін болғанын атап өтті.

– Аталған шараларды жүзеге асыру үшін бөлініп отырған қаражатты толықтай және тиімді игеру 2016 жылы экономикалық белсенділікті арттырып, жұмыспен қамту ісіне қолдау көрсетіп, экономика өсіміне 1 пайызға дейін үлес қосуды қамтамасыз етеді, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қалыптасып отырған сыртқы жағдайды ескере отырып, Үкіметке қаражаттың жұмсалуын қатаң қадағалауды қамтамасыз ету тапсырылды. Мемлекет басшысы өңірлердегі берілген тапсырмалардың орындалуының маңыздылығына, сондықтан облыстардың әкімдері бөлініп жатқан қаражаттың тиімді игерілуін қадағалау үшін қолда бар барлық ресурсты жұмылдыруға тиістігін назар аударды.

Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев 2016 жылға арналған республикалық бюджеттің нақтылау қажеттігіне және мемлекеттік, салалық бағдарламаларға тиісті өзгерістер енгізу мәселелеріне тоқталды.

Президент Әкімшілігіне аталған тапсырмалардың орындалуын қадағалау міндеті жүктелді.

Соныңда Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан қолданып отырған дағдарысқа қарсы шараларға өзге мемлекеттердің шамасы жете бермейтінін айтты.

– Көптеген елдер қиын жағдайда қалды және әлеуметтік кірістерін қысқартуға, жо-баларын тоқтатуға мәжбүр болып отыр, нәтижесінде жұмыссыздық өсуде. Біз индустриялық нысандар салуды жалғастырып, жаңа нарықтарға жол ашып отырмыз. Дағдарысқа қарсы біздің экономикалық саяса-тымыз тек экономикалық өсімнің жаңа жол-дарын іздеу мен табуға ғана бағытталып отырған жоқ. Менің тапсырмаларымның бәрін түпкі мақсаты – қарапайым адамның мүд-метіне, оның әл-ауқаты мен тұрмысының тұрақтылығы, - деді Қазақстан Президенті.

Жылы барысында елдің 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын және биылғы жоспар-лар туралы Ұлттық экономика министрі Е.Досаев, мемлекеттік бюджеттің 2015 жылғы атқарылуы жөнінде Қаржы министрі Б.Сұлтанов, ақша-несие саясаты жөнінде Д.Ақышев баяндама жасады.

● МӘСЛИХАТ

ҚАРЖЫ МАҢЫЗДЫ САЛАЛАРҒА БАҒЫТТАЛАДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Кошербаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 44-есессиясы өтті. Сессия төрағасы Медег Кәрім қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселелермен таныс-тырды.

Мәселелер талқыланар алдында аймақ басшысы сөз алып, жалпы жағдайға тоқталып өтті. Өткен жылы республикада мұнай өндіру 1,5 млн тоннаға қысқарса, соның 1 млн тонна-сы Қызылорда облысына тиесілі. Мұнай саласына қатысты өнеркәсіп орындарының өнімі төмендеп отырғанымен, өңдеу саласының көрсеткіштері өскен. Тұрғын үй құрылысы, оның ішінде мемлекеттік тұрғын үй құрылысы көлемі айтарлықтай артты. Қаладағы үй кезегі 17 пайызға азайды. Бұл қарқынды биылғы жылы да сақтап қалу мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Осы жылы Қызылорда қаласында дарияның сол жақ жағалауын игеруді бастау жоспарланып отыр. Жо-баны қаржыландырушы Азия даму банкі жобаны «ақылды қала» ретінде жүзеге асыруға ұсыныс жасап отыр. Биыл Мұратбаев көшесіндегі көпірді аяқтауға күш салындау. Оған Үкімет басшысының берген кепілдемесі бар. Кәсіпкерлікті қолдауға 2016 жылға 2,6 млрд теңге бөлінді. Бұл 2014 жыл көрсеткішімен салыстырғанда 77 пайызға артық. 660 млн теңге қаржы «Микробизнес-Қызылорда» пилоттық жо-ба-сын қаржыландыруға жұмсалды. Аймақ басшысы бюд-

жет қаржысының тапшылығы жағдайында халықаралық қаржы институттары қаржыландыратын және мемлекеттік-жеке әріптестік аясында жоспарланған жобалар бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілуде екенін жеткізді. Осы бағытта игерілетін 333 млрд теңге қазіргі жағдайда облыс үшін үлкен демеу екені белгілі. Ауыл шаруашылығы саласында қол жеткізген көрсеткіштеріміз де қуантады. Ал ветеринарық са-ла-да атқарылған жұмыстар нәтижесінде облыс биыл буферлік аймақтан шығады. Азық-түлік бағасы бақылауда бола береді. Біздің баға республикалық орташа бағадан төмен. 2015 жыл қорытындысымен 12 мыңдай жаңа, оның ішінде 8 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Білім саласын-да үш ауысымдық мектеп мәселесі шешілді, балабақшамен қамтамасыз етуде Елбасы тапсырмасы орындалды.

Облыс әкімі бюджетті қалыптастыруда азаматтар алдындағы барлық әлеуметтік міндеттемелер толық көлемде орындалатын болады деп. Қаражатты бөлінген Мемлекет бас-шысы мен Үкімет тапсырмаларын туындайтын мәселелер, әкімдердің есепті кездесуіндегі тұрғындардың талап-тілектері негізге алынды. Бұған дейін депутаттар бірнеше рет көтерілген мәселелер де ескерілді. Жергілікті полиция 2016 жылы құрылғандықтан, бұрын оған қаржы қарастырылмаған бола-тын. Бюджетті нақтылау кезінде бұл мәселе де ескерілуі тиіс. Күрші кластерін дамытуға да қаржы бөлінеді.

● НӘТИЖЕ

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі, әсіресе қазіргі қаржылық қиындықтар кезеңінде ел экономикасындамүлтікүбірден-бірмодельретінде қарастырылып отыр. Өткен жылдың соңында Ел-басы халыққа арнаған Жолдауында да осыған басымдық берді. Ал біздің жылдың 1-кварталында «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» Заң күшіне енген болатын. Бұл – мемлекет пен биз-нес арасындағы қатынастарда жаңа белестерді ашады. Дәлірек айтсақ, мемлекеттік жобаларды жүзеге асыруда кәсіпкерлердің үлесі арта түспек. Қазір басымдық әлеуметтік, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және инфрақұрылым са-ла-ларына берілуде. Мәселен, мемлекет кәсіпкерге жер беріп, электр қуатын, суық және ыстық суын тартуға көмектеседі. Ал жеке кәсіпкер нысанын құрылыс салады. Міне, осындай жолмен балабақшалар, мектептер, ауруханалар бой көтеруде. Бұдан былай бұл тәжірибе кеңінен қолданылмаса, мемлекет қазынасының қаржысы үнемделіп, шығындары азаяды.

Сыр өңірі – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүзеге асыруда республикада алдыңғы қатарлы облыстардың бірі. Жергілікті биліктің пәрменді жұмысының нәтижесінде осы кезге дейін бұл бағытта ауқымды істер атқарылды. Атап ай-тар болсақ, өткен жылы «ҚазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамы өз қаржысы есебінен төрт ауд-ан орталығын табиғи газға қосты. Сондай-ақ, халықаралық қаржы ұйымдарымен тиімді жұмыс жүргізуді де басқа облыстарға үлгі боларлықтай. Қазіргі таңда МЖӘ тәжірибесі әсіресе аймақта балабақша мәселесін тиімді шешуде маңызды бо-лып отыр.

Айта кетейік, «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ облысты

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ БИЗНЕС ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудағы пилоттық өңір ретінде белгіледі.

«Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жо-баларын сүйемелдеу орталығымен» бірлесіп, 5 жобалық инвесторларды тарту жұмыстары жүргізілуде. Олар: облыс орталығында ауыс-мына 500 келушіге арналған емхана (жобаға тар-тылатын инвестиция көлемі – 1,0 млрд теңге), келесі жоба – «СІМК-70» шағын ауданында са-лынатын 600 орындық колледж және 200 орындық жатақхана (жобаның құны – 1,9 млрд теңге), апаттық жағдайдағы мектептердің орнына салы-натын нысандар, жоба аясында 11 білім ұясы са-лынатын деп күтілуде (жобаның құны – 4,5 млрд теңге), Қоркат ата әуежайы жаңа терминалдың құрылысы (жобаның құны – 7,5 млрд теңге), Сыр-дария ауданының тұрғындарын таза ауыз сумен қамту жобасы (жобаның құны – 1,3 млрд теңге).

Осы жобаларды жүзеге асыру, қажет құжаттарын әзірлеу жұмыстарын «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» серіктестігі жүргізетін болады. Жалпы алғанда, көлемі 333 млрд теңгені құрайтын 31 жобаны халықаралық қаржы ұйымдары және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері негізінде іске асыру жоспарла-нып отыр.

Дәурен ОМАРОВ.



Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

«ҮЛКЕН ЕЛ – ҮЛКЕН ОТБАСЫ»

ЖАЛПЫҰЛТТЫҢ ЖОБА ҰЛАҒАТЫ

Жуырда Жалағаш ауданында «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасын түсіндіру мақсатында үкіметтік емес ұйым және саяси партия өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

«Дөңгелек үстелге» қатысқан аудан әкімінің орынбасары Ж.Тажмаханов пен «Қоғамдық келісім» мекемесі директорының орынбасары А.Жұмабаев қазақстандық біртөктілік пен бірегейлікті нығайту мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобаның ерекшеліктеріне тоқталды.

Шара барысында «Қоғамдық келісім» КММ бас эксперті Б.Үсенбаев Елбасы Жарлығымен қабылданған Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы азаматтық кагидаттарына және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарына тоқталды. Сонымен қатар Жалағаш кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Қошпаев, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қ.Мұстафаева, зейнеткерлер М.Мамытов, С.Хайрудинова өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Бұдан кейін Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйінде жалпыұлттық жобаны түсіндіру мақсатында ауыл активімен кездесу өткізілді.

Онда қазақстандық патриотизммен тәрбиелеу, жүзеге асырылып жатқан «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жоба ерекшеліктері кеңінен талқыланды. Сондай-ақ, Бұқарбай батыр ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Нұрмағанбетов ардагерлер ұйымының рөлі туралы хабарлама жасады.

Кездесу барысында мәдениет үйінің фойесінде көпшер бұйымдарының көрмесі көрсетіліп, концерттік бағдарлама ұсынылды.

Нұрбек САҒАДАТ.
Жалағаш ауданы.



АССАМБЛЕЯНЫҢ АУҚЫМДЫ БАСТАМАСЫ

Өңірімізде ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасының негізгі мақсаты кеңінен насихатталып, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Осы орайда «Нұр Отан» партиясының Арал аудандық филиалы ғимаратында аталған жобаның мақсаты мен міндетін талқылауға арналған жиын болып өтті.

Оған «Қоғамдық келісім» КММ басшысының орынбасары Р.Ахметова, аудан әкімінің орынбасары Ж.Өлішева, аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Н.Оспанов және Аналар кеңесінің төрайымы Ә.Мукаримова, ұлттық этно-мәдени орталықтарының белсенді мүшелері қатысты.

Алдымен сөз алған Рахима Ахметова жобаның маңыздылығына тоқталып өтті. Сонымен қатар «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасының іске асырылу барысы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының алдағы уақыттағы ауқымды жобалары турасында айтып берді.

Сондай-ақ, жиын барысында «Қоғамдық келісім» КММ-нің Арал ауданындағы этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшысы Е.Қалыбаев, Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Н.Оспанов және «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Арал аудандық бөлімінің басшысы Ә.Ізбасаров Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы аясында аудан көлемінде атқарылған жұмыстар төңірегінде әңгімеледі. Одан әрі шарада қатысушылардың ұсыныс-пікірлері де назардан тыс қалмады. Мұнан кейін алдағы уақытта 5 институттық реформаның 4-ші «Біртөктілік пен бірлік» бағыты бойынша аудан көлемінде жүргізілетін жұмыстардың жоспары талқыланды.

Жиын соңы аудандық мәдениет үйінде жалғасты. Онда «Қазақстан – көпұлтты мемлекет» атты кеш тамашаланды. Бір топ белсенді азаматтар марапатталды.

Сара АДАЙБАЕВА.
Арал ауданы.

Кеше ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің облыс бойынша департаменті былтыр атқарған жұмыстарын қорытындылап, 2016 жылдан бастап енгізілген жаңалықтарымен бөлісті. Бұл тұрғыда ойларын ортаға салған департамент басшысының міндетін атқарушы Ержан Қарымсаков пен орынбасары Берікбол Байхожаев тілшілердің де сұрақтарына жауап берді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМУЫН ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Биылғы жыл мемлекеттік қызметкерлер үшін де жаңалығымен басталғаны анық. Яғни, Елбасы Жарлығына сай «Мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызметшілердің жана әдеп кодексі» қабылданды. Бұлардың соңғысында мемлекеттік қызметте жұмыс жасайтын азаматтардың жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрысының ережесі регламенттелген. Демек, ендігі кезекте олар тек қызметкер ғана емес, халық арасында беделді және үлгі тұтар тұлғаға айналуы тиіс. Бұл дегеніміз келешекте білімі мен біліктілігі жоғары, әдептен озбайтын азаматтарға ғана мемлекеттік қызметте орын бар. Ал «Әдеп» кодексін бұзғандар енді ескерту, сөгіс алып қана қоймай жылы орнын босатуы да ғажап емес.

Жоғарыда айтылған өзіндік орны мен салмағы бар заңдардың қабылдануы елімізде мемлекеттік қызметті дамытудағы жана кезеңнің бастау алғанының бір көрінісі. Себебі «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға сәйкес мемлекеттік қызметшілерге жалақы тағайындауда да жаңа жүйе қалыптаспақ. Олар келесі жылдан бастап мөлшері бекітілген еңбекақыдан өзге, жұмыс нәтижелері бойынша бонустарға да қол жеткізе алады. Сонымен қатар, жаңа реформаға сай мемлекеттік жұмысқа орналасуға ниетті әрбір адамның жеке қасиеттерін бағалау үшін жаңа

сынақ енгізіледі. Сала мамандарын іріктеудің тәртібі күшейтіледі. Айта кету керек, енді олар мемлекеттік қызметтің қыр-сырын меңгеріп, оған бейімделмейінше басшылық орынға жайғасуына да заң тыйым салған. Демек, ол үшін әрбір адам өз жұмысын төменгі лауазымнан бастауы шарт. Бұл өз кезегінде бүгінде мемлекеттік салада жүрген 3769 азаматқа үлкен міндет жүктері анық. Себебі 2015 жылдың 12 айында ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң талаптарын бұзу фактілері бойынша 162 шағым, қызмет этикасын бұзу дерегіне сай 20 арыз келіп түскен. Оның алғашқысы бойынша 23 жағдай нақтыланса, 11-і қызмет этикасын бұзу фактісі бойынша негізделген. Ал мемлекеттік қызметшілердің сын тезіне салған Тәртіптік кеңесте былтыр 95 тәртіптік іс қаралған. Соның нәтижесінде 39 мемлекеттік қызметшіге және оған теңестірілген адамдарға тәртіптік жаза қолданылған. Оның кейбірі «ескерту», «сөгіс», «қызметіне толық сәйкес емес туралы ескерту» алумен шектелсе, үшеуіне лауазымын төмендету жазасы қолданылған. Сонымен қатар 10 адам атқарып отырған қызметінен босатылған. Департамент басшысы міндетін атқарушы өткен жылды осылай саралап, жаңа заң мен оның талаптарына сай биыл да қарқынды жұмыстар атқарылатындығын жеткізді.

Мәлдір ҚОЖАХМЕТОВА.



• САЙЛАУ – 2016

САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС ЖҮРГІЗІЛДІ

Сейсенбі, 9 ақпандағы брифингте Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қ.Тұрғанқұлов партиялық тізімді ұсыну жөніндегі барлық іс-шаралар Конституцияға және сайлау заңнамасына толық сәйкестікте өткенін айтты. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес 2016 жылғы 8 ақпанда кандидаттарды ұсыну аяқталды.

ҚРОСК-ға барлығы 6 саяси партияның: «Нұр Отан» партиясының, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясының, Қазақстан Коммунистік Халық партиясының, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының және «Бірлік» Саяси Партиясының тізімдері, жалпы саны 234 кандидат ұсынылды.

Қазіргі уақытта «Нұр Отан» партиясының, «Ақ Жол» ҚДП-ның, «Ауыл» ХДПП-ның және ҚКХП-ның

партиялық тізімдері тіркелді. Олардың құрамында 10 ұлттың өкілдері бар 203 кандидат қамтылған. Тіркелген кандидаттардың 80 пайызы ер адамдар және 20 пайызы әйелдер. 99 пайыздан астамының жоғары білімі бар.

Өз партиялық тізімін тіркеген партиялар сайлау қорларына қаражат жинау үшін арнайы шоттар ашу жөнінде жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар саяси партиялардың және мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларын тіркеу жүргізілуде. ЖСДП және «Бірлік» СП-ның тізімдеріне енгізілген кандидаттарға қатысты қазіргі уақытта олардың Конституцияның және сайлау туралы заңның талаптарына сәйкестігін тексеру жалғасуда.

Брифинг барысында Ортсайлауком төрағасы БАҚ өкілдерін ҚР ОСК мен аумақтық сайлау комиссияларының өткен кезінде сайлауды ұйымдастырушыларды оқыту жөніндегі жұмыс шеңберінде, жалпы алғанда 407 семинар, кенес, тренинг өткізгені туралы ақпараттандырды. Сайлау процесіне облыс, қала және аудан деңгейінде барлық қатысушылар үшін тағы 573 семинар өткізу жоспарлануда.

Жуық арада ҚР ОСК үгіт науқанын өткізу мәселелері жөнінде екі семинар ұйымдастыралы: біреуі – республикалық БАҚ басшылары үшін; екіншісі – сайлауға қатысатын саяси партиялардың өкілдері үшін.

Брифинг соңында Қ.Тұрғанқұлов мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну барысы туралы ақпаратты ұсына отырып, жергілікті өкілді билік органдарына дауысқа түсетін азаматтардың жоғары белсенділігін атап өтті. Сайлау науқанының алғашқы 20 күні 2012 жылғы сол кезеңмен салыстырғанда ол екі еседен астам көбейді. 8 ақпандағы сағат 19.00-дегі мәліметтер бойынша барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына 4870 кандидат ұсынылды. Олардың 581-і – облыстық мәслихаттарға, 21-і – Астана мәслихатына, 95-і – Алматы қаласының мәслихатына, аудандық мәслихаттарға 3244 кандидат, қалалық мәслихаттарға 929 кандидат ұсынылды. Кандидаттардың 69 пайызы – ер адамдар, 31 пайызы – әйелдер, 66 пайызының жоғары білімі бар. Округтік сайлау комиссиялары мәслихаттар депутаттығына 568 кандидатты тіркеді.

САЯСИ НАУҚАНҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ

Елімізде алдағы айда өтетін ҚР Парламенті Мәжілісі және мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлік жұмыстары сайлау заңнамасына сәйкес жүргізілуде. Облыстық сайлау комиссиясының мәліметіне қарағанда, 9 ақпанда 298 кандидат ұсынылды, оның 24-і тіркелді. Кандидаттардың 53-і облыстық мәслихатқа, 204-і аудандық мәслихаттарға, 41-і қалалық мәслихатқа ұсынылған. Кандидаттардың 295-і өзін-өзі ұсынғандар, ал 2-ін «Ауыл» партиясы, 1 кандидатты қоғамдық бірлестік ұсынған.

Қазіргі уақытта барлық сайлау учаскелері жауапты науқанға дайындықтарын пысықтап жатыр. Сайлаушылар тізімі нақтылануда.

Алдағы күндері мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығымен бірлесіп сайлау комиссияларының төрағалары мен орынбасарларына, хатшыларына арналған оқулар ұйымдастырылады. Оған прокуратура, сот, ішкі істер салаларының мамандары да қатысады.

М.МЕРЕҒИ.

Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар сайлауына қазір жер-жерде қызу дайындық жұмыстары басталып та кетті. Аталған жауапты науқанның барысын білмекке Шиели аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Молдабай Дулатовқа жолыққан едік. Сайлау комиссиясының төрағасы мәселені тарата баяндады:

– Шиели ауданында 1 орталық сайлау комиссиясы, онан өзге 3 облыстық, 15 жергілікті мәслихат депутаттарын сайлайтын комиссиялар бар. Тағы да 37 сайлау учаскелері өз жұмысына кірісті. Сонда сайлау өткізуге жалпы 56 орында жұмыс ұйымдастырылады.

Нақты кезеңде саяси партиялар өз үміткерлерін іріктеп, додаға қосуға тыңғылықты әзірленуде. Ал олардан бөлек өзін-өзі ұсынатын үміткерлердің де қарасы баршылық. Бұл, әрине, жақсы, тұрғындардың ел болашағына мән беріп, оған атсалысуға ынталы болуы еліміздегі жариялылық пен сенімділіктің кепілі ретінде қарастырылады. Өзірге үміткерлердің құжаттары қабылданып, зерделену үстінде. Олардың 22-сі ер адам болса, 13-і әйел. Ал жас ерекшеліктеріне келер болсақ, 29 бен 59 жас аралығында. Жақын күндері саяси партиялардың өкілдері де бұл қатарды толықтыра түседі. Сөйтіп сайлау науқанына жан-жақты дайындық жұмыстары жүргізілуде, деді комиссия төрағасы.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиели ауданы.

• БРИФИНГ

КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙДІ

Сейсенбі күні «Сыр медиа» ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев салада атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жайлы БАҚ өкілдері алдында есеп берді.

– Қазақстан Президенті өзінің дәстүрлі Жолдауында білім және ғылым саласына екі негізгі міндет жүктетгені белгілі. Ол техникалық және кәсіптік білімді дамыту және тиімді ғылыми инновациялық жүйені құру болып табылады, – делі басқарма басшысы. – Аймақта техникалық кәсіптік білім беру жүйесінде мамандар даярлау екі деңгейде жүргізілмекші. Жұмысшы мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімді тегін алуға орай орта білім негізінде колледждерде білім беріледі, яғни бұған орта мектептің 9 сыныбын бітірген балалар қабылданады. Қазір мұндай білім алушылардың саны – 5125. Екінші кезеңде орта мектепті бітіріп, арнаулы және жоғары оқу орындарында білім алумен қамтылмаған, не колледждер мен ЖОО-дан шығып қалған жастарға алғашқы жұмысшы мамандығын тегін беру қарастырылады. Ал, үшінші кезеңде кәсіби біліктілігі жоқ, мектепті бұрынғы жылдары бітірген жастарға «Жұмыспен қамудың жол картасы-2020» бағдарламасы» аясында жұмысшы мамандығын беру жоспарланған.

Аймақтағы 31 колледжде өңірдегі еңбек нарығына қажетті 97 мамандықтың 160 біліктілігі бойынша 22527 жас білім алууда. Облыстағы еңбек ресурстары балансына және жүзеге асырылып жатқан түрлі жобаларға қажетті кадрларға деген сұранысқа сәйкес, сонымен қатар соңғы екі жыл көлемінде колледждерде жүргізілген салаландыру жұмыстарының нәтижесінде оқу орындарында 23 жаңа мамандық ашылып, 17 мамандық бойынша мемлекеттік тапсырыс қабылданды. Бүгінгі күні оқу орындары мен кәсіпорындары арасындағы әлеуметтік-әріптестік бағытындағы және дуальды оқытуға негізделген келісім-шарттар бітірушілердің тұрақты жұмысқа орналасуына өз ықпалын тигізуде. Мәселен, 2014-2015 оқу жылын 7884 түлек



бітірсе, олардың 970-ы жұмыс беруші әлеуметтік кәсіпорын тарапынан еңбек кітапшасын алып, бірден тұрақты жұмысқа орналасқан, бұл бітірушілердің 13,7 пайызын құрайды. Өткен жылдың соңында жүргізілген сараптама қорытындысы бойынша мектеп бітірушілердің 68, мемлекеттік тапсырыс негізінде бітіргендердің 70 пайызы жұмыспен қамтылғаны белгілі болды. Елбасының Жолдауында берілген нақты тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында облыстық білім саласының алдында күрделі міндеттер тұр. Ең бастысы, аймақтағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерін саралап, оларға тиісінше көмектер көрсету, жастардың тегін алатын жұмысшы мамандықтарының тізімі және жобаны жүзеге асыруға жұмсалатын қаржының көлемін анықтау қажет. Сонымен қатар қазіргі оқу-өндірістік комбинаттар мен колледждердің базасында жалпы орта білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларына жұмысшы біліктілігін берудің мүмкіндіктерін қарастыру да басты мақсат саналады. Яғни, мектеп түлектері аттестаттан бірде бір мамандық дипломын қоса алады. Бұл салада нақты жұмыстар бастау алды. Мәселен, Байқоныр қаласындағы оқу өндірістік комбинатын облыстық білім басқармасының құзырына тарту жұмысы жүргізілуде. Аудан орталықтарындағы лицей-гимназиялардың мүмкіндіктерін жетілдіру жоспарда бар. Сондай-ақ орта мектептің соңғы үш жыл көлемінде бітіріп, жұмыссыз жүрген жастарға кәсіптік бағдар беру, оларды жұмысшы мамандығына тарту жұмыстары жандандырылады.

Республикада “Кәсіпқор” холдингінің базалық оқу орындарында Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы үшін 10 базалық колледж құру жұмыстары қолға алынған-ды. Аймақтағы И.Әбдіқаримов атындағы агротехникалық колледж сол ондықтың қатарында. Қазіргі таңда колледждің материалдық-техникалық базасын әлемдік деңгейге сай қондырғылармен жаратқандырып, оның кадрлық әлеуетін көтеру мақсатында нақты жұмыстар жүргізілуде.

Брифингте сала басшысы биылғы ҰБТ-ға дайындық барысы, ондағы өзгерістер жайлы, 12 жылдық білім берудің негізгі мақсаттары, мектептің жоғары сыныбындағы кәсіпкерлік бағытта берілетін білім, «Серпін» бағдарламасының іске асырылуы төңірегінде жан-жақты әңгіме өрбітті. Журналистердің сауалдарына жауап берді.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.



Кеше облыс орталығында бизнес қауымдастық өкілдері бас қосып, 5 институционалды реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын талқылады. Жиын облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреевтің төрағалығымен өтті.

НАҚТЫ ІСТІҢ УАҚЫТЫ КЕЛДІ

Ұлт жоспарының 54-қадамында шағын және орта кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау үшін бизнес-омбудсмен институтын нығайту көзделген. Ал Қызылорда облысы әкімдігі биыл 4 ақпанда «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының іске асырылуы бойынша өңірлік іс-шаралар жоспарын бекітті. Соның негізінде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуында әкімшілік кедергілерді азайту бойынша шаралар қабылданады.

Осы ретте, облыс әкімінің орынбасары бизнес-омбудсмендердің негізгі қызметі кәсіпкерлік ортаны нығайту, әкімшілік кедергілерді төмендету, мемлекеттік сатып алу тетіктерін жетілдіру екенін атап өтті.

Бизнес-омбудсмендердің ролі мен оның құқықтарын арттыру мақсатында тиісті заңнама бекітілді. Институт кәсіпкерлердің мәселесін мемлекеттік органдар арқылы тікелей шешуге құқылы. Шенеуніктер тарапынан жүйелік бұзушылықтар болған жағдайда, шағым Президент алдына барады. Атқарылған жұмыстары бойынша

омбудсмен жыл сайын есеп беруге міндетті.

Бұдан бөлек, 62-қадамы экономиканың шикізаттық емес салаларындағы орта бизнестің нақты көшбасшыларын қолдауға бағытталған, яғни, «Ұлттық чемпиондарды» белсенді анықтау. Мұндағы мақсат – экспорттық әлеуеті зор іріктелінетін ірі кәсіпорындар

арқылы бәсекеге қабілетті секторды құру болып табылады.

Елбасының бастамасымен мемлекетте «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағдарламасы іске асырылып жатыр. Бағдарлама қатысушыларына қаржылай көмек қолжетімді болады. Ал бағдарламаны іске асыру және қатысушыларды іріктеуге

жауапты болып «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі белгіленді. Әзірге «Ұлттық чемпиондар» қатарында біздің аймақтың кәсіпорындары жоқ. Бұл бағытта жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен бірге, іріктелген компаниялар McKinsey&Company-мен консалтингтік сүйемелдеу ала алады.

Жиын барысында кәсіпкерлер Ұлт жоспарына қатысты ұсыныс-пікірлерін білдірді. Бұған қоса, олар өздерінің кәсіптерін дамытуда кездескен кедергілер мен мәселелерді ортаға салды. Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев кәсіпкерлердің өтініші жерде қалмайтынын жеткізді. Оның айтуынша, жыл бойына тиісті құзырлы мекемелер мен мамандар бастаушы және әрекет етуші кәсіпкерлермен кездесулер ұйымдастырып, олардың кәсібінде туындаған мәселемен нақты айналысатын болады.

Дәурен ОМАРОВ.



Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті 2015 жылды қорытындылап, кеңейтілген алқа мәжілісін өткізді. Қызылорда қаласы және барлық аудандар бойынша мемлекеттік кірістер органдары басшыларының өткен жыл бойынша жұмыс көрсеткіштеріне талдау жасалды. Департамент басшысы Серік Мұстафаев әрбір құрылым басшысына бюджет кірісін қамтамасыз ету бағытындағы жаңа талаптарды ескертіп, белсенді атқарылуы тиіс кешенді шараларға назар аударды.

САЛЫҚ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

2015 жылдың қорытынды көрсеткіштері бойынша, мемлекеттік бюджеттің болжамы 106,6 пайыз орындалып, 76,4 млрд теңге түсті, оның ішінде жергілікті бюджетке 38,7 млрд теңге (1,4 млрд теңгеге артық) түсіп, болжам 103,9 пайызға орындалды. Облыстық бюджеттің жылдық жоспары 124,6 пайызға орындалды, нақты 6,7 млрд теңге түсіріліп, 1,3 млрд теңгеге артығымен қамтамасыз етілді. 275 кешенді

және тақырыптық тексерулер бойынша 15,7 млрд теңге салықтар мен төлемдер қосымша есептелінді, камералдық бақылау және басқа да бақылау шаралары бойынша жергілікті бюджетке 2,9 млрд теңге қосымша салықтар мен төлемдер, мемлекеттік сатып алу шеңберінде бюджеттен қаржы алған салық төлеушілерге жүргізілген салықтық бақылау нәтижесінде 197 қатысушыдан 580 млн теңге салық өндірілді.

Визуалды бақылау және рейдтер қарымымен 1012 салық төлеуші жеке кәсіпкер ретінде тіркетілді. 85 объектіге жүргізілген хронометраждық зерттеу жұмыстары негізінде салық төлеушілердің бір күндік табысы 9,2 есеге дейін, жекелеген салық төлеушілер бойынша 3 еседен 30 есеге дейін өсіп, жұмысшылар саны 116 адамға көбейді. Бересі 83,0 пайызға азайды, яғни салықтар мен төлемдерден қарыздар 14,7 млрд теңгеге төмендеуі қамтамасыз етілді.

2015 жылдың қорытындысымен Қызылорда облысының сыртқы сауда айналымы 525 млн долларды құрады. Оның ішінде, экспорт 419 млн долларға, импорт 106 млн долларға тең. Облыстың сыртқы сауда географиясын Қытай (импорттың 55 пайызы), Германия (11 пайыз), Украина (6 пайыз), Түркия (5 пайыз), Литва (4 пайыз), АҚШ (3 пайыз) құрайды. Экспорттың 54 пайызы Қытайға, 18 пайызы Италияға, 9 пайызы Францияға, 4 пайызы Өзбекстанға, 15 пайызы өзге елдерге шығарылған. Импорттың басым бөлігі жабдықтар мен механикалық құрылғылардан (42%), көлік

құралдарынан (10%), кара металдан жасалған бұйымдардан (10%), пластмасса, одан жасалған бұйымдар және жиһаз (6%). Ал экспортталған, негізінен, табиғи уран (47%), шикі мұнай (40%), күріш (6%) және газ (6%). Кедендік төлемдер мен салықтар бойынша болжамдық тапсырма 116 пайызға орындалды немесе 8,8 млрд теңге өндірілді. Кедендік құнды бақылау, тауарлардың дұрыс сыныпталуы бойынша

кедендік әкімшілендіру нәтижесімен бюджетке қосымша 1 млрд 101 млн теңге өндірілді.

Экономикалық тергеу саласы бойынша өткен жылы жалпы 324 қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркеліп, оның 255-і аяқталса, 99 қылмыстық іс сотқа жолданды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесінде 7,3 млрд теңге мемлекетке келтірілген залал өтеліп, 56 млн теңгелік мүлік мемлекет пайдасына өтті. Сот үкімімен жалған кәсіпорындардың контрагенттерінен 228 млн теңге салық бюджетке өндіріліп, 19 млн теңгені құрайтын тауарлар мемлекет пайдасына тәркіленді.

Көрсеткіштер көңіл көншітеді, дегенмен уақыт талабына орай атқарылар іс те қыруар. Елбасының «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа арналған Жолдауында айтылғандай, «әрбір субъект салығын толық төлеуге ынталы болуы үшін салық саласының ашықтығын қамтамасыз ету – бірінші міндет». Салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіретін, тұрғындар арасында салық мәдениетін көтеру шараларын жүргізетін бірде-бір мемлекеттік орган – мемлекеттік кірістер органдарының, бұл орайда, жұмысы сан-салалы. Оның орындалуы, өз кезегінде, еліміздің экономикасын бекітуге және халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуға жұмсалатын бюджет қаржысын қамтамасыз етеді.

Бақыт ОРДАНОВА, мемлекеттік кірістер департаменті түсіндіру басқармасының бас маманы.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Кеше «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Қамбарбек Мүбәраков баспасөз мәслихатын өткізді.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мақсатында тексеру комиссиясы жеке қабылдаулар өткізіп, сенім телефоны арқылы арыз-шағымдар қабылдап, тиісті жұмыстар атқарып келеді. Сондай-ақ, осы бір қауіпті індетке тәуекелдігі жоғары қызметкерлерді анықтауды назарда ұстап отыр.

– Бүгінде 4 нысан бойынша 5 қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдігі жоғары екені анықталды. Оның 2-і нақтыланды. Құжаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюроға жолданды. Сондай-ақ, облыста қаржылық құқықбұзушылық едәуір кеміді. Бұл

қаржылық мәдениеттің жоғарылағанын көрсетеді», - деді Қамбарбек Амангелдіұлы. Сондай-ақ, жуырда сыбайлас жемқорлық дерегіне қатысты қос қызметкеріне орай түсініктеме берді.

– Оқиға «Қызылорда облысының білім басқармасының «Жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген аудит барысында орын алған. Тексеруге қатысқан қызметкерлер, мемлекеттік аудиторлар сыбайлас жемқорлыққа жол берген. Қазір тергеу амалдары жүргізілуде, – дейді комиссия төрағасы.

Қазіргі уақытта оларға қатысты сот алды тергеу жұмыстары жүргізілуде.

Нұрбек САҒАТУЛЫ.

• ТАҒЗЫМ

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

Биылғы қаңтардың алғашқы күндерінде Шымкенттен «Сыр елінің атпал азаматы Жарылқасын Тұрабаев қайтыс болды...» деген суық хабар алып, көңіліміз құлазып қалды. Тағдырдың салғанына көнбеске шара жоқ, болмаса Жарылқасын әлі жас қой, өмірден көретін қызығы алдында еді.



Жарылқасын Тұрабаев 1952 жылдың 22 наурызында Жаңақорған ауданы, «Бірлік» кеңшарында жұмысшы отбасында өмірге келген. 1977 жылы Ташкент политехникалық институтын инженер-металлург, 1979 жылы Ленинград тау-кен институтын инженер-эколог мамандығы бойынша бітірген. 1977-1992 жылдар аралығында Қырғыз республикасында өз мамандығы бойынша жауапты қызметтер атқарып, Ош облысындағы Хайдар металлургиялық зауытында бас инженер, директордың орынбасары лауазымына дейін көтеріледі. Жарылқасынның сол елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқандығын, абыройлы болғанын халық депутаттарының Хайдар аудандық кеңесінде атқарушы төраға қызметін атқарғанынан аңғаруға болады.

1992 жылдың желтоқсанында Жарылқасын туған жерге қайта оралып, Жаңақорғандағы «Қазіретмет» корпорациясы «Шалқия» кен басқармасының директоры болып қызметке орналасты. Осы қызметте оның ұйымдастырушылық қабілеті, іскерлігі, кен орнының жұмысшы-қызметкерлерімен тіл табысуы, оларға өндірістік, тұрмыстық жағдай жасауы, ұжымда моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруы жоғары деңгейде болды, халықтың көзіне түсті. Біз де Жарылқасынмен осы жұмыста жүргенінде бірнеше рет кездестік, таныс болдық. Жаңақорғанға облыс активімен ұйымдастырылған семинарға қатысуға барғанымызда «Шалқия» кенішінің жұмысы ірі өндіріс орны ретінде семинардың күн тәртібіне енгізілген екен. Жарылқасын бізді күтіп алып, өндіріспен, ондағы жұмысшы-қызметкерлерге жасалып жатқан жағдайлармен таныстырды. Жарылқасын ұзын бойлы, аққұба, көрікті, жігіттің сұлтаны дейтіндей азамат екен, осындай сырт көркіне мінезі сай ақкөңіл, қарапайым, адамды өзіне бірден баурап алатын ашық еді. Ол кезде өндірістің де тоқырап тұрған кезі, қиындықтары да көп болатын. Бірнеше жыл осы өндірісті ретке келтіріп, ұжымда өнім өндіруді, техника қауіпсіздігін жөнге келтіргеннен кейін Жарылқасын Тұрабаев 1992 жылы Шиелі ауданының әкімі болып тағайындалып, осы қызметті 2000 жылға дейін атқарды. Бұрынғыдан да жақынырақ қатынаса бастадық, өйткені біз Жарылқасыннан бұрын 2-3 жыл әкім болып жұмыс атқарып, өзмізше тәжірибе жинақтаған болғанбыз. Бұл уақыт өтпелі кезеңнің күрделі экономикалық жағдайында өтіп жатты, жұмысшы-қызметкерлердің айлығы, зейнеткерлер мен мүгедектердің зейнетақысы мен жәрдемақысы кешіктірілді, жұмыссыздық белең алып, ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы ескіріп, жанарутқа қаражат болмай қиналып тұрған кез болатын. Жарылқасын ауданның тізгінін қолға алғаннан кейін осының бәрін рет-ретімен шешу жолдарын қарастырып, күндіз-түні тынбай жұмыс істеді. Бір-бірмізбен жиі хабарласып, әр сала бойынша атқарып жатқан жұмыстарымыз жөнінде пікір алмасып тұратынбыз. «Ерте тұрған адамның бір ісі артық» дегендей Жарылқасын бізбен сөйлескенде аянда 5-те тұрамын дейтін, «өте ерте ғой, өзің кеш жатасың, бұл кезде сен тұрғанмен басқа жұрт ұйықтап жатады ғой» дейтінбіз. «Орындалмаған жұмыстар жатқызбайды» дейтін. Өзінің әдемі әзілі бар еді. Бірде өзінің орынбасарына таңғы сағат 6.00-де телефон соғып, «не істеп жатырсың?» депті, «не істейін, өзім түн ортасында келдім, ұйықтап жатырмын» деп жауап бергенде не ай-

тарымыды білмей қалдым деп күлетін. Шиелі ауданында күріш егетін шаруашылықтар бөлініп кеткендіктен күзгі егін жинау күрделі жүретін, біз егін жинауды аяқтап, қорытынды шығарып жатқанда, бұлар бітіре алмай қиналып жататын. Сондайда Жарылқасын маған телефон соғып, босаған комбайндарды Шиеліге жіберуді сұрайтын еді. Өбден шаршап шыққан ескі астық жинайтын техникаларды сонша жерге жіберу қиын болғанмен Жарылқасынның өтінішін орындап жіберетінбіз. Сол кезде облыста астық жинайтын шетелдік жалғыз комбайн бар, ол «Шаған» агрофирмасын басқарған Қожабек Дәдікбаевта еді. Бір күні Жарылқасын сол «Кейісті» сұрап келді, осы техниканы көздің қарашығындай сақтайтын Қожабек мен айтқан соң, амалсыздан берді. Егін орағы біткен кезде Жарылқасын комбайндарды өзі әкеп беретін.

Жарылқасын Тұрабайұлы Шиелі ауданына басшылық жасаған жылдарында ауданның экономикалық-әлеуметтік дамуы мен мәдениетіне елеулі өзгерістер әкелді. Заулім мешіт үйі, Мұстафа Шоқай мүсіні, су бұрқақтары мен көше көркі, басқа да атқарылған сан түрлі жұмыстар халық көкейінен шыққан игілікті істер болды. Сондықтан да оған «Шиелі ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

Ол 2001 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысына қызмет бабымен ауысты. 2001-2002 жылдары Созақ ауданындағы «Қазатомпром» ЖАҚ филиалының бас инженері және өзге де басшылық қызметтерді атқарды.

Оңтүстік Қазақстан облысында қай салада еңбек етсе де абыройы биігінен көрініп жүрді. Біздің оған Шымкентке барғанда бірге қызмет атқарған әріптестерімен кездескенде көзіміз жетті. Жарылқасын қайтыс болған соң, жетілік асын Шымкентте Бердібек Машбекұлы Сапарбаев өткізді. Оған Оңтүстік Қазақстан облысының әкімінен бастап, барлық сала басшылары, ардагерлері, бүкіл зиялы қауым қатысты. Жарылқасын Тұрабайұлы досқа адал еді. Үзгеністері Қожахмет Баймаханов, Болатбек Пұсырманов, Нұрлыбек Жолдасбаев, Шакизат Төрбаев, Алашбай Баймырзаевтармен өмірден өткенше тығыз қарым-қатынаста болды. Мен Жарылқасынды іні-дос дейтінмін, ол менің алдымдағы інілік те, достық та парызын ылғи орындап жүретін. Кезінде менің «әкімдердің президенті» деген ресми емес атағым бар еді, осы атақтың мерейін шығарды.

Жоғарыда айтылып кеткен қызметтерді адал да абыройлы атқарғаны үшін Жарылқасын Тұрабаев зор марапатқа ие болды.

Сондай-ақ, отбасында сүйікті жар, ардақты әке болды. Біз Жарылқасынмен қалай қатынасасақ, қалай дос болсақ, өмірлік жары Тама-ра ханыммен де солай араласып тұрдық.

Жарылқасын Тұрабайұлының қазысы біздің қабырғамызға қатты батты, өйткені біз оның ауырғанын, абыржығанын ешуақатта көрген жоқпыз. Біздің көз алдымызда Жарылқасын тек-ректей тік күйінде, көзіне күлкі үйіріліп, жүзі жайнап, нұр шашып тұрған қалпында қалып қойды. Оның жарқын бейнесі біздің жадымыз-да жаңғырып тұрады.

Алғалға не шара, ендігі жерде отбасына амандық, балаларына баянды бақыт тілейміз. Пейіште нұрын шалқысын, ауаулы Жарылқасын.

Алмагүл БОЖАНОВА, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрметті депутаты.

Қазіргі қоғамда, әсіресе, жастардың тәрбиесі мен болашағына қауіп төндіріп тұрған көріністің бірі – заңсыз ойын бизнесімен байланысты болып отыр.

ЗАҢСЫЗ ОЙЫН, ЖАЛҒАН АҚША...

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті экономикалық тергеу қызметі өткен 2015 жылғы заңсыз ойындардың ұйымдастыру фактісіне қатысты 32 қылмысты анықтады. Олардың 26-сы сотқа жолданып, 24 іс бойынша сот шешімі шығарылды. Яғни, қылмысқа қатысты тұлғалар ҚР Қылмыстық кодексінің 307-бабымен қарастырылған (ойын мекемесін заңсыз ашу немесе ұстау, ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру, сол сияқты ойын бизнесі үшін үй-жайлар беру немесе Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс жерлерде құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу) қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Осындай жұмыстар барысында 218 компьютерлік қондырғы, 47 лотерея терминалы және ойыннан түскен 963 мың теңге ақша айналымнан алынды.

Өткен жылы, сондай ақ, жалған ақшаға қатысты 37 факт тіркелген. 2 іс сот шешімімен аяқталып, 5000 теңгелік жалған купюрамен жұмыс жасаған бір азаматқа «ескерту» түрінде тәртібін түзеу шарасы көрілсе, 10000 теңгелік купюраның қолдан жасалған түрін пайдаланған екінші азаматтың 2 жылға бас бостандығы шектелді.

Криминалистік зерттеу қорытындысында анықталған номиналы, сериясы, бір құрылғыда жасап шығарылғаны сияқты айғақтар негізінде, 6 қылмыстық іс Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің құзыретіне жолданды.

Әскербек БАЙМАХАНОВ, Қызылорда облысы бойынша МКД ЭТҚ заңсыз кәсіпкерлікке және жалған ақшаға қарсы түру бөлімінің бас маман-аға офицері.

Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің 2015 жылғы 30 қарашада мәлімдеген «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында, биылғы 6 қаңтарда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында «Мәңгі ел» жалпыұлттық идеясына тағы да арнайы тоқталуы жайдан-жай емес. Бұл идеяның негізгі өзегі болып отырған көпэтносты еліміздегі ұлтаралық келісім мен татулық, мемлекетіміздің тәуелсіздігі туралы ең алғашқы құжаттарда бірінші кезекке қойылған болатын. Бұл бүгінгі мемлекетіміздің, Елбасымыздың сара саясаты болып, оның нақты нәтижесін халқымыз көріп-біліп отыр.

«Мәңгі Ел» жалпыұлттық идеясы – бүгінгі мемлекетіміздің алдында тұрған, атқарылуы аса мәнді Бес институттық реформаның ажырамас бөлігі. Сондай-ақ, қазақстандық азаматтық біртектілік пен біртұтастықты нығайтуда маңызды фактор. Мұндағы біртектілік бәріміздің бір ұлт болуымызды емес, рухани біртектілікте болуды нұсқап отыр. Өмірде екі ағайынды адам рухани жағынан да туыспаса, бөтен бола беретінін көріп жүріміз.

Рас, қазір «Мәңгілік ел» туралы аз айтылып жатқан жоқ. Бірақ жұртшылықтың барлығы осы аса маңызды идеяны бір кісідей түсінді деу артық болар. Бұл заңды. Мәнінше, жалпыұлттық идеяны толыққанды түсіндіру үшін алдымен оның саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық негіздерін атап көрсеткен артық емес.

Саяси-құқықтық негіздерге еліміздің егемендігі, осымен байланысты алғашқы беташар маңызды құжаттар, Конституция, мемлекеттік биліктің үш тармағының тұтастығын мен жеке мәртебелерінің қалыптасуын, ана тілімізге мемлекеттік мәртебенің берілуін, еліміздегі ежелгі діндер туралы заңды т.т. жақтасуға болады. Ал әлеуметтік негіздерге бүгінгі нақты бірлігіміз, біріге отырып ұйымдасқан бір тірлігіміз жатады.

Экономикалық негізге қазіргі Қазақстан дамуын, ұлттық экономикамыздың белгілі бір деңгейге жеткенін, қалыптасқанын айтуға болады. Рас, бүгін уақытша экономикалық дағдарыс болып отыр. Алла рухани дағдарыстан алыс етсін!

Қандай идея болмасын ол заман талабына сәйкес жетіл-

діріліп отырылуымен құнды. Осы орайда «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын сапалы жана деңгейге көтеруде, жүзеге асыруда Елбасымыздың жоғарыда аталған «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты бағдарламалық мақаласындағы айтылған нақты ой-тұжырымдардың орны бөлек.

Алдымен «Мәңгі ел» идеясының өзегі болып отырған қоғамдық келісім мен ынтымақтастықты арттыра түсу – алда да аса қажет фактор болатынын айтуымыз керек. Бұл саладағы жүзеге асырылған

беретін оқу жүйесінде күрделі өзгерістер жүріп жатыр. Отандық оқу жүйесін қалыптастыру оңай дүние емес екені белгілі. Дегенмен өзіміздегі жағдаймен санаспай, шетелдегі тәжірибені өмірге ендірудің жолдарын жан-жақты ойластырмай, жалаң еліктеу көп қиыншылықтар әкеліп отырғанын да айтуымыз керек. Бір мысал келтірейін. Бүгін балабақшадан, бірінші сыныптан бастап ағылшын тілін оқыта бастадық. Менің білуімше, ағылшын тілін Ресейде – екінші, Қытайда – үшінші, Жапонияда бесінші сыныптардан бастап

тілі ретінде оқу бір бөлек те, бұл тілде тәлім-тәрбие алу бір бөлек. Мұстафа Шоқайдың шетелде білім және тәрбие алған зиялы қауымның ұлтына пайдасы жоқ деуі тегіннен-тегін емес. Бүгінгі өмірге нақты қарасақ, қазақ тілдік орта әлі жетімсіз.

Тағы бір маңызды мәселеге назар аудара кетсем деп едім. Тәуелсіздік мұраттары Алаш жетекшілерінің ой-тұжырымдары мен Елбасымыздың бүгінгі еліміздің тәуелсіздік жағдайындағы айтылған идеяларын ақастыра, сабақтастыра отырып насихаттап, соның күшімен

“МӘНГІЛІК ЕЛ” ИДЕЯСЫ

- ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРУШЫ ҰЛЫ КҮШ



жұмыс ұлан-асыр. Тек оны ұдайы дамытып, байытып отыру қажет. Бұл бүкіл іс-тірлігіміздің, идеологиялық жұмысымыздың арқауы болуға тиіс.

Елбасымыз бірнеше рет қалап айтқандай, ең бірінші еліміздегі барлық этнос өкілдерін ұйыстыру тарихи тағдырына жазылған ұлтымыздың ауыз бірлігі аса қажет. Қазіргі күні де аз кездеспейтін руға, жүзге бөлінуден арыймай қазақ топтаса алмайды. Бұл ретте Абай ағамыз айтқандай, Алланың махаббатпен жаратқан адамзатының баласы – адамның барлығына сүйіспеншілік пен ізгілікті қарым-қатынас керек.

Белгілі бір ақын (атын атап, түсін түстемей-ақ қойық) халқымыздың ұлы перзенті Бауыржан Момышұлына: «Бауке, сіз ұлы жүзденсіз ғой» дегенде қас батырдың қастары қиғаштанып, мұрты толқып: «Сен мені қазаққа қиялғы тұрсын ба?» – деп қолындағы тағаймен ысқақ салып қалады. Сонда ақын: «Кешіріңіз, Бауке», – деп батырды құшақтағысы келген екен, «Жолама маңмыз», – деп бұрылып кете берген екен.

«Мәңгі ел» идеясы адами факторларға көп көңіл бөлуді керек етеді. Бұл бағытта адамгершілік қасиеттерді ұштай түсетін білім-ғылымның рөлі ерекше. Гректің ұлы ойшылы Гегель: «Білім адамды өз мәніне не етеді» деген болатын. Бүгін жас ұрпаққа білім-тәрбие

оқытады. Оқыту деген белгілі бір жағдайда сол тілде тәрбиелеу деген. Осындай баланың әлі ана тілі, ұлттық ойлау жүйесі қалыптаспай отырып, оны астан-кестен басқа тілдерде оқытып жатқанымызда олар шынайы қазақ болып өседі дейсіздер ме? Менің күмәнім бар.

Шынына келгенде, біздің қазаққа көп тілділік жат емес. Әңгіме оны қашан, қалай игеруде болып отыр. Алаштың Әлихан(Әлихан Бөкейхан) тоғыз тіл білген. Мұстафа Шоқай он тілде сөйлеген, жазған.

Біз қазір кез келген жерде үш тілде білім беруді айтатын болдық. Және бұл тілдерді бір деңгейге көкатын ауруға ұшырадық. Бұл – нағыз асыра сілтеу. Кейбіреулер Елбасымыздың «Қазақ тілі – үш тілдің бірі емес, біріншісі, негізгісі, бастысы» дегенін білмейтін сияқты. Сондай-ақ қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне де көз жұматындар да жоқ емес. Тілдің жалғыз ғана тұғыры болады. Ол әр ұлттың ана тілі. Бас тілдер осы тұғырға қонақтады.

Шыныдаққа тура қарасақ, орыс және ағылшын тілдерін пән ретінде оқыту, тіл білу үшін оқыту керек те, білім мен тәрбие тек қазақ тілінде, қазақ ұғымында, ұлтымыздың салт-дәстүріміздің негізінде жүзеге асырылуы қажет. Осыны мемлекеттік тілді мешел етеміз. Өйткені өзге тілді пән ретінде, ғылым-білімді игерудің

халықты тәуелсіздікті тұғырлы ете түсу үшін жұмылдыра түсу қажет етіп отыр. Бұл «Мәңгі ел» болудың да тиімді жолы, рухани астары.

Мен Тәуелсіз Қазақстанды «Мәңгілік ел» етудің тамаша формуласы Алаштың ардақтарының ой-пікірлерінде де бар дегім келеді. Ахмет Байтұрсынұлы: «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деп жазған болатын. Осыған бізге бүгінгі күні аса қажет болып отырған ұлттық рух туралы Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді», – деген-ді.


Сөз соңында айтармыз: ана тіліне толыққанды не болған, діни таза, ділі оң, рухы күшті халық ғана «Мәңгілік елдің» тұрғыны болады, сонда ғана бұл фактор ұлтты ұйыстыратын ұлы күшке айналады. Жалпыұлттық идеяның басты мұраты да осында.

Әбдіжәлел БӘКІР, саяси ғылымдарының докторы, Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессоры.

● ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Мұсылман бейнесі халықтың басым көпшілігі үшін өте тартымды. Ислам жоғарғы биліктің басындағылардан бастап, төмендегі кедейлер мен жарлы-міскіндерді қамтыған әрбір әлеуметтік таптың түсінігі мен ұстанымына лайық әрі дұрыс келді».

Енді осы Ислам дінінің ұлтқа, ұлтаралық қатынастарға ұстанымын қарастырып, оның ішкі догмаларына талдау жасап көрейік. Бұл біздерге Исламның ұлт мәселесіне қаншалықты көңіл бөлетінін және өзге ұлттармен бейбіт ғұмыр кешуге шақыратынын көрсетеді. Тіпті, адамдардың өзара қарым-қатынасын реттейтін дін исламдағы қағидаттардың Ата заңымыз – Конс-



ИСЛАМ ӨЗАРА ҚҰРМЕТКЕ ҮНДЕҮДІ

титуциямен де сәйкес келіп жататын тұстарын да байқауға болады.

Сонымен, мамандардың айтуынша, ұлт – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі. Сонымен бірге, көптеген ұлттардың ортақ аумағы, ортақ экономикасы, сол ұлт өкілдерін біріктіретін мемлекеті болады.

Біраздан бері ұлт, қоғам, дін және мемлекет сияқты өзекті мәселелерге қатысты зерттеу жасап жүрген ғалым Амангелді Айталы өзінің «Ұлт дегеніміз – ұлы ынтымақтастық» атты мақаласында: «Ұлт» терминін әртүрлі анықтауға болар, бірақ оның терең әлеуметтік, тарихи тамырын, тіл бірлігін, мәдени ерекшелігін, дәстүрлері мен салтын көрмеу мүмкін емес», – деп ұлт ұғымына қатысты ойын топышлайды. Демек, әрбір ұлттың тілі, тарихы мен мәдениеті, сапты мен дәстүрі және діні болады. Ал енді Исламдағы «ұлт» ұғымы бірнеше мағынада келуі мүмкін: біріншісі, «шағб» – аймағы мен мәдениеті және тілі ортақ халық, ұлт; екіншісі, «қабилә» – ру, жүз мағынасында келеді; үшіншісі, «умма» – рухани және діни сенімі бір, соның арасында бір-біріне жақын адамдардың тобы, үлкен қоғам, үмбет.

Құранда бұл туралы былай делінген:

«Ей, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам мен Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың» (Шуғара: 13).

Осы аятты қағида етіп ұстанған Ислам ешбір ұлтқа бір ұлттың үстінен үстемдікті, бір нәсілдің басқа

нәсілден жоғарылығын, біртекті келесі тектен артық қоймайды, жақ сырақ санамайды, керісінше, оларды өзінше қамтиды. Британдық тарихшы, философ Арнольд Джозеф Тойнби өзінің «Цивилизация перел сұлом историй» атты жинақтамасында Ислам дініндегі татулық пен бірлікке қызға отырып, былай сипаттайды: «Мұсылмандар арасындағы нәсілдік сананың жойылуы – Ислам мен қазіргі әлемнің керемет жетістіктерінің бірі. Осы Исламдық қасиетті тартату қажеттілігі жой кездеседі».

«Арабтың араб еместен артықшылығы бар ма, әлде араб еместің араб алдында артықшылығы бар ма? Немесе қаратүстінің ақ түстінің алдында артықшылығы бар ма, әлде керісінше болады ма? Артықшылық тек – тақуалық пен жақсылықта ғана болады!». Жоғарыдағы аят пен хадистен көргеніміздей, Ислам адамды ұлтына, жынысына, дінінен емес нәсіліне, мансабы мен қызметіне қарап бөлмейді. Бірін-бірінен артық көрмейді. Артықшылық тек жақсылықта. Егер біз исламдағы осы ереженің мазмұнын қазіргі тілмен баяндайтын болсақ, онда: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды», – деп Ата заңымыз – Конституциямен үндесіп жатқан жерлерін де көруге болады.

Ислам қандай да бір ұлтқа оның ұлты үшін қарсы шықпайды және басқаларды да соған үндемейді. Себебі, Ислам ұлтқа және ұлттық мәселеге қатысты анық әрі берік ұстанымға сүйенеді. Бұл ұстанымның түсіндірмесі – тағдыр концепциясы, яғни Алла адамдарды түрлі ұлт етіп Өзі жаратты. Демек, адам оны өзгерте алмайды. Оны өзгертуге адамның құқығы да жоқ, құдіреті де жетпейді.

Ислам жай ғана ережелер жиынтығы емес, оның ішінде мәдениеттер мен алуан түрлі дәстүрлер бар. Сон-

дықтан Ислам – жер бетіндегі этникалық мәдени дәстүрлерді жоққа шығармайды, керісінше, оларды өзінше қамтиды. Британдық тарихшы, философ Арнольд Джозеф Тойнби өзінің «Цивилизация перел сұлом историй» атты жинақтамасында Ислам дініндегі татулық пен бірлікке қызға отырып, былай сипаттайды: «Мұсылмандар арасындағы нәсілдік сананың жойылуы – Ислам мен қазіргі әлемнің керемет жетістіктерінің бірі. Осы Исламдық қасиетті тартату қажеттілігі жой кездеседі».

Кейбір исламның атын жамылған «мұсылманшы» ағымдардың насихаттанып естіліп, шет мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарынан ара-тұра көрініп қалатын «Мұсылманды құшылдық», «Исламның нәсілдік» немесе «Діни ұлтшылдық» сияқты ұрандары шынайы исламның доктринасында жоқ. Бұл – мемлекет ішіндегі тұрақтылық пен бейбітшілікті бұзуға және Исламды жеккөріністі етіп көрсету бағытталған теріс пигылды ағымдардың, дін душпандарының жасайтын айла-тәсілдері. Шынайы Ислам қоғам мүшелерін өзара достық орнатуға, бір-бірін құрметтеуге үндейді. Мұның айқын мысалын халықтың жетпістей пайызын мұсылман халқы құрайтын өзіміздің полнотымыз қоғамымыздан көріп отырмыз. Тарихи және мәдени қалыптасқан Ислам діні адамгершілік пен рухани құндылықтар арқылы халықтың әлеуметтік, идеялық тұрғыдан ұйысуына негіз болып, елді бірлікке, татулыққа шақырып келеді. Құдай тағала бізді осындай бірлік пен татулықтан айырмасын. Еліміз тыныш, жұрттымыз аман болсын.

Жалғас САНДЫБАЕВ, дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты.

● ТАНЫМ

“АҚСАҚ ДӘРҮІШ” САПАРЫНЫҢ СЫРЫ

Сонымен, Англия мемлекеті Вамбериді Ыстамбұлдағы уәзірлікте арнайы дайындықтан өтеді. Түрік тілін, ислам қағидаларын үйренеді. Тыңшылыққа тыңғылықты дайындалғаны соншалық, зиялы ортада ол шейх ретінде танылады. Арада үш жыл өткенде Николай I патшаның Еуропадағы өкілі Туркиядағы Осман империясының билеушісіне хат жолдайды. Онда Арминий Вамбери есімді мажарлық ғалымның Орта Азияны барлауға дайындал жатқан ағылшындардың тыңшысы екені айтылған. Алайда, хат Туркияға жеткізілгенше, Вамбери сапарға кетіп қалады. Ол Хижаздан Орта Азияға келе жатқан бір топ қажыларға қосылып, түркі мұсылмандарға өзін ғалым, қажы деп таныстырады. Қажы атаулыны қатты құрметтейтін түркілер оның үстіне шапан жауып, жағдайын жасайды.

Вамбери Алматыда, тіпті Түркістанда болып, Майлықожа ақынмен де кездескені көпшілікке мәлім. Самарқан, Бұқарадағы діни білім беру жүйесін зерттеп, жазып отырады. Ал хатты арабша графикамен жазғанымен, ішін оқып қарасаң, бәрі мажарша.

Бір таңғаларлығы, Осман империясының күштері «шпиро» деп танымаған Вамбериді Бұқараның әмірі біліп қояды. Оқиға былай болған көрінеді: Бұқара әмірі оны қажы деп сыйлап, ордасына шақырады. Ас үстінде оның құрметіне күй тартқызады. «Дәруіш» күйдің ырғағымен бір аяғын және қолының саусақтарын қозғалтып отырады. Әмір оны байқап қалады. Күй біткесін әмір оған: «Сен мұсылман емессің», – дейді. Әмір оған оның жансыз екенін және түркі емес екенін айтады. «Дәруіш» мойындамайды. Содан аң-таң болған дәруіш түсінібей себебін сұрайды. Неліктен бұлай ойлайтынын білгісі келеді. Сонда әмір:

– Түркілер һәм мұсылмандар музыканы жүрегімен тыңдайды, жүрекке әсер етеді. Кеуде – жүректің бесігі. Әуен сол бесікті тербетеі. Сол кезде кеудемізді қозғалтып, басымызды шайқаймыз. Ал, сен жансызсың. Себебі, бұтыңды (аяғыңды) қозғалтып отырдың. Күй ырғағына қосылып қолды, аяқты қимылдату



нәсінінің қалауы болып саналады. Мұндайды түркілердің жаны сүймейді», – дейді.

Арминий Вамберидің мойындамаса лажы қалмайды. Әмір: «Сен менің қонағымсың, сондықтан да мен саған тіспеймін, бірақ сен осы түнде қараңды батырып, түркі даласынан кететін бол, әйтпесе, сені бірден өлім жазасына кесемін», – дейді. Содан Вамбери табанын жалтыратады.

Өкініштісі сол, мажарлық ғалым Бұқарада әмірімен кездескенге шейін біраз дүние жазып үлгерді, сараптама жасады, көрген, білгенін, түйгенін анық та ашық жазды. Орта Азияны кімдер жаулап алды, қалай үстемдік құруға болады, басып алғаннан кейін не істейді?.. Бәрін-бәрін сараптаған-ды. Орталықазиялық түркілердің, соның ішінде қазақтардың дүниетанымы, психологиясын қағазға түсірді. Сондай-ақ ол түрік, парсы, өзбек, түркмен, татар тілдерін меңгерді. Бір сөзбен айтқанда, көздеген

мақсатына жетті. Осы сапарынан кейін Арминий Лондонға барды. Англия билігі 1864 онын «Орта Азия сапары» деген кітабын жарыққа шығарып береді. 1885 жылы неміс, орыс тіліне аударылады.

Бірақ Арминий Вамбериді қанша жерден тыңшы десек те, 19-ғасырдың екінші жартысындағы түркілердің тыныс-тіршілігі туралы дерек қорын қалдырып кетті. Бүгінде онын еңбектері талай зерттеушінің «азығына» айналдып отыр. Вамбери туралы түркімен және мажар кинематографистері бірлесіп «Ахсақ дәруіш» атты фильм түсірді.

Бір айта кетерлігі, әр мемлекет сондай-ақ өз елінің ғалым, ақын-жазушыларын да жансыз ретінде пайдаланған. Өйткені, олар күмән тұғызға қоймайды. Ашы да болса шыныдақ, Орта Азия мен Қазақстанды барлау ісінде Англия кешігіп қалды. Ресей империясы XVIII ғасырда-ақ «ағартушылық жұмыспен айналысу үшін» орыс

Дәурен ОМАРОВ.



“КИІМ – АДАМ МІНЕЗІНІҢ АЙНАСЫ” – ДЕП ТЕГІН АЙТЫЛМАҒАН. ТАҢДАУ ТАЛҒАМҒА БАҒЫНАДЫ ДЕСЕК ТЕ, ЖЫЛ САЙЫН СӘН ҮЛГІСІНІҢ САХНАСЫ ҚАНДАЙ СЫР АШАДЫ ЕКЕН ДЕП ЕЛЕНДЕП ОТЫРАТЫНЫМЫЗ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. ЖЫЛ ТАҢДАҒАН ТҮС ПЕН ҮЛГІ БІЗДІ БЕЙҚАМ ҚАЛДЫРМАЙДЫ.

“АДАМ КӨРКІ – ШҮБЕРЕК” ДЕГЕН БАР. ЗАМАН КӨШІНЕН ҚАЛЫП ҚОЙҒЫСЫ КЕЛМЕЙТІН ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ҮШІН СӘН ӘЛЕМІНЕН ХАБАРДАР БОЛУ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. БІЗ ДЕ ОСЫ ТАҚЫРЫП АЯСЫНДА БІРШАМА ІЗДЕНІП, ҚАЗЕТ ДҮНИЕ БОЛЫП ҚАЛАР ДЕГЕН ОЙМЕН ОСЫ МАҚАЛАНЫ ҰСЫНУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

Сәнің мен сымбатың келіссін

МЕШІН ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ТҮСТІ ҰНАТАДЫ?

2016 жылы әснен айналатын киімдердің дер-лігі жыл иесі – Мешіннің табиғи ерекшелігімен үндеседі. Адамдар киім дүкеніне барғанда бірі өзіне ұнаған түске жалт бұрылса, енді бірі сол сәттегі сәнің түсіне баса назар аударады. Солғын шөп не зәйтүн түсті киімдер күздің басты сәні болмақ. Сондай-ақ, салқындық пен байыптылықты білдіретін шатыраш түсі қарапайымдылығымен ерекшеленсе, сары емен түсі – көтеріңкі көңіл күйі сыйлай алады. Мешін ойнақы, сезімтал, еркетотай жануар болғандықтан қызыл шарап түстес киімдермен көздің жауын алып, әсер қалдыруға болады. Ал, көктем мен жаз айларында ашық және жылтыр түстер басты назарда болмақ.

МЕЗГІЛ СӘНІ

Жылдың суық күн райында киім сәнінен гөрі, жылы болуы маңыздырақ. Дегенмен, маусымға сай сәнді киімдер де баршылық. Бұл маусымда аң терісімен сәндеген күртелер трендке айналады. Ал, былғары күртелердің сәнінен қалмайтыны белгілі. Сонымен қатар, кең етекті корей үлгісіндегі сырт киімдер мен ішкітер де сән әлемінен алшақ емес. Күздің қоңыр салқын, жаңбырлы күндерінде ақ немесе ақшыл сары түсті жылы жемпір киген болсаңыз, онда сіз сәнінен алыстамақ деп ойламаңыз. Керісінше, мұндай жұмсақ жемпірлер де сәнді киімдердің үздігіне кіріп отыр.

Көктем мен жаз айларында – гүлді мата сәнге айналмақ. Кең балақты классикалық шалбар, мойынға орнамал байлау да сәнінен қалыс қалмайды. Бір сөзбен айтқанда, 70-жылдардағы стиль қайта оралады. Жалпы, ұсақ немесе ірі гүлдермен көмкерілген матадан тігілген киімді басқа киімдермен үйлестіру аса қиындық тудыр-масы анық. Еркін пішілген киімдер, мейлі ол жеңіе, шалбар болсын көктем мен жазғы стильдің сәнін келтірмек. Ал, оның түсін таңдау өз талғамыңызға байланысты. Әдетте мұндай киімді аптап ыстықтан кейінгі кешкі се-руен кезінде кию аса қолайлы. Джинсы, күдері не-месе драп матадан тігілген қысқа немесе белді айшықтал тұратын бешпенттер де сән әлемінде. Оларды кең етек-ті белдемше немесе көйлектермен киген дұрыс. Ал жаз-кет алғанда батыл түрде ашық түсті таңдап, қалыпты көк немесе қарадан бас тартқаныңыз жөн.

ӘЙЕЛГЕ ӘСЕМ КЕЛБЕТ ЖАРАСАДЫ

Жылдың негізгі түсі жарық түс болғандықтан макияжыңыздың табиғи, нәзік көрінуі өз киіміңізбен үйлесіп тұруы сіздің талғамыңыздың тамашалығын аңғартады. Тырнақ күтімінде бұл жылы ұзын тырнақ сәнде болмайды. Тырнағын әсемдеу әйелге сенімділік сыйлап, өз-өзі бағалайтынын байқатады. Сондықтан түрлі-түсті жолақты, гүлді суреттер бей-неленген маникюр үлкен мәнге ие бо-лып отыр. Бояу түстерін өз киіміңіздің ыңғайымен таңдау еркінсіз.

КӨЙЛЕКТІ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?

Креативті қатпарлар мен желбіршектер, косетектер мен шырыштық көйлектер де биылғы сән әлемінен алшақ емес. Себебі “Alexander Wang”, “Victoria Beckham”, “Altuzara” таныстырған киім үлгілерінде мұндай көйлектер жиі кездеседі. Оларды салтанатты не-месе мерекелік кештерге киюге болады. Басты-сы лайықты сөмке мен сәндік бұйымдарды және аяқ киімді соған лайықтап дұрыс таңдай білсеңіз болғаны. Сондай-ақ, түрлі бағыттағы және түрлі-түсті жолақ осы жылдың сәнді түсіне айнала-ды. Өткен жылы ақ-қара немесе көк-ақ секілді екі ғана түстен тұратын әрі түзу бағыттағы жолақтардың сән болғанынан хабардар шығарсыз. Бұл үрдіс осы жылы да жалғасын таппақ. Бірақ, тіптен басқа үлгіде. Өзіне сенімді жандар ғана мұндай түсті киімдермен өз гардеробын толықтыра алатыны белгілі.

АКСЕССУАРЛАРҒА ТАЛҒАМ КЕРЕК

Аксесуарлар да бұл жылы әйел әлемілігіне арналмақ. Әсіресе, фольклорлық стильге ерекше ден қойылып келеді. Яғни, бұл стильге ұлттық сипаттағы әшекейлер жатады. Қазақы ою-өрнектер бейнеленген за-манауи бұйымдар көктемнің ажарын кіргізбек. Сондай-ақ, қолдан жасалған түрлі-түсті тастармен көмкерілген әшекейлер қай мезгілде де өз орнын жоғалтпайды. Егер ауқымды, жуан, көзге көрінетін білезіктер мен сағаттарға зейін қойсаңыз, биылғы жылдың сәнінен жаңылмаған боласыз.

Сән әлемінің ханшайымдарына әдемі келбет, жаңа стиль, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз!

Гүлмәр ДҮЙСЕБАЕВА.

Бірде екі кісінің әңгімесін кездейсоқ естіп қалдым. Бірінің отбасында кілең қыз балалар ғана екен. Әкесі олардың ішінде бір қызды ерекше жақсы көріп, ұл ретінде қарайды-мыс. Тіршілікті бірге жасап, қасынан қалдырмай соған мәз бол-са керек. Сол әңгімені естіп еріксіз күлкім келді. Расында мұндай жағдай жиі ұшырасып жататы-ны жасырын емес. Тіпті бұл тақырып қазақ кино-сына да арқау болған. Иә, расында өзіміз қызыға тамашалаған «Секеңді» айтсаңызшы. Сол кино-ны көрсем өзімнің бала кезім есіме түседі. Өйткені, мені де солай тәрбиелеген еді әкем.

Мен үйде екінші қыз болдым. Анам бес қызды өмірге әкелді. Үйде ер бала болмағандықтан әкем мені кішкентайыманн ұл секілді тәрбиеледі. Мектепке алғаш барған кезімде атқа мінгізіп, балалар арасындағы бәйгеге қатыстыратын. Қыз болғандықтан іштей

басып келгенім бар.

Мектепке барған кезім де еш есімнен кетпестей болған. Ең алғаш мектепке барғанда әкем базардан ұлдардың аяқ киімін әкеліп берді. Ама! жоқ. Айтуға батпаймын. Мектепке киіп бардым. Бірақ қайтып келе жатып, үйге жетер жетпей аяқ киімді жыртып таста-дым. Абайсызда болған дүние деп түсіндірдім. Бар ойым ертен жанасын әперсе қыздар секілді бәтәңке киермін деген ой. Әкем әперген жаңа аяқ киім де ұлдардың бәтәңкесі болып шықты. Ештеңе өзгермесін біліп, баста-уыш сыныпты бітіргенше еркек балдардың аяқ киімін киімді.

Жаз болса, балық аулауға барамыз. Бақтың астынан жауынқұрт қазып алып, әкем екеуміз каналға бет ала-мыз. Күн шыжып тұр. Маған да бойыма лайықты қармақ жасап қойған. Әкем «үңдеме, балықты үркітесің» деп алдын ала ескертіп қояды. Бала еместің бе, бір ағашты ұзақ ұстап тұруға шыдамым жетпей лаймен ой-най жөнелемін. Маған ашуланып, екеуміз ұрысып кеп

БАПАПЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ

ұялатынмын. Оңкей баланың ішінде жалғыз қызбын. Бірақ әкемнің көңілі үшін бар ынты-ықшылсыммен ұлдар секілді киімді. Әкем мақтау сөз айтса, еркек балдар секілді кокилана кетемін. Әкемді қуанып қояйыншы деп, намысқа тырысып кейде жүзде алатын-мын. Есімде қалғаны екі мәрте 2 қап бидай ұтып алғанмын. Сонда әкемнің мақтанғанын көрсеніздер. Үйге келгеннен кейін де маған ерекше ықыласын аударып, бар тәттіні ау-зыма тосатын. Ал, қалған қыздар бәрінен құр қалады. Кейде әкем аңаменм өйілесіп жатқанын құлағым шалып қалатын. “Өттең менің ұлым болса екен. Жұрт секілді қасыма ертіп, ар-тымда ұрпағым қалар еді” деген әкемнің өкінішін бала болсам да көңіліме ауыр тиетін. Барынша ұлдың ор-нын басуға тырыстым. Бірақ анам үндемейтін. Араға екі жыл салып перзентханаға барды. Бірақ хабар қыз деп жетеді. Әкем іштей қынықтаса да, сыртқа білдіргісі келмейді. Анам ренжіп қалмасын дейді-ау. Бірақ анам оны жақсы біледі. Солай менен кейін де үш қыз туылды. Тіпті ырымдап бірінің атын Ұлдана қойды. Бірақ одан кейін Жұлдыз, Перизат деген сінділерім өмірге келді.

Мен 6-7 жастамын. Әкем мал жайғауға алып шығады. Одан атты ауылдың шетіндегі құдыққа апарып суаратын. Әдеттегідей мені аттың үстіне отырғызып, өзі жетектеп жүреді. Сонда аяғымның қатып қалғаны сонша етігім сырғып түсіп қалады. Жауралым деп айт-паймын. Әкемнің қасында жүрсем болды деп шыдап жүре беремін. Солай әкеме қатты бауыр басып кеттім. Қасынан бір елі қалмаймын. Қайда барса сонда барамын. Ұлдар секілді киіндіріп, шашымды да қысқа етіп киіп қоятын. Соған мәзбін біржағы. Үйге менің сөзім жүреді. Ауылда Наурыз мерекесін үлкен етіп ұйымдастырады. Онда көкпар, аударыспақ секілді ұлттық ойындар ойна-лады. Өн-жырдан шашу шашылып, түрлі шаралар өтеді. Соған үйдің тәуірі әкем екеуміз барамыз. Қалғандары қалады. Бар қызықты қызықтап, қазан- қазан көжеден дәм татып, тәттілерге тойып, кешке үйге жетеміз. Сосын отыра қалып, болған қызықтарды жіпке тізем. Бауырла-рым мені ұйып тыңдайды. Ал, анам жақтырмай әкеме шүйлігеді.

Бірде әкем сыртқа егін екті. Егістікте қызу жұмыс болғандықтан, бір айдай үйде болмады. Ал, мен әкемді қатты сағынған болуым керек. Ауырып қалдым. Ол кез-де 5 жаста болатынмын. Анам жүгіріп жүр. Әкем кел-се «қызымды ауыртқып қойысың» деп айқай шығарары анық. Барлық емді жасады. Бірақ жазылар түрім жоқ. Сонда анама мен “папамды көрсем жазылып кетемін” деген екенмін. Анам кешкісін құрақ ұшып, ауылдағы жалғыз үлкен машинасы бар ағайым келісіп келіпті. Азанда ерте жолға шығамыз деді. Анамын сөзін естіп қуанышымда шең болмады. Әкемді көретін болдым деп. Азанда ерте тұрдым. Үйдің артында бау-бақша бо-латын содан бір қалта алма жинап алдым да машина-ны күттім. Ақыры ол да келді. Анам екеуміз жайғасып мініп алдық. Екі-үш сағаттан соң егістікке де жеттік. Машина-дан секіріп түсіп әкемді іздей бастады. Егістіктің орта-сын да бір топ кісімен әңгімелесіп тұр екен. Алып ұшып жүгірдім. Даусым жер жарып келеді. Әкелеп. Қасына барып: «Папа, сені енді көре алмаймын ба дедім» деп еңкілеп жылағанымды айтам-ау... Содан әкемді көріп, қалтаңа аяйқтым. Қасында бір апта болып, маукымды

дағы аулаған балығымыз шабақ. Бірақ сол шабақты анам тәтті етіп, түрлі қоспа қосып дайындайтын. Сол шабақ дәмі әкемнің таңдайынан кете бастағанда қармақты нысқа салып, жауынгердей сайланып шығамыз.

Бірде үйдегі ұсақ малдарды қойшыға бердік. Ол Сырдарияның жағасында отыратын. Содан әкем екеуміз тәнертен ерте жолға шықтық. Ол кезде ортаныш сыныпқа ауысатын кезім болатын. Әйтеуір, елсіз дала ғой деп ешкім көре қоймас деп ойладым. Есейіп қалғам. Ұзақ жүргенім есімде қойшының тұрағына де жеттік. Сол үйден ас ішіп, малды бөліп, үйге қайттық. Жолда келе жатып әкем әзілді бастайды. Мені қорқытып аныз әңгімелерді айтады. Бір уақытта «мен қазір келемін» деп жақсылап күтеді. Сөйтсем, тасалау жерге барып мені бақылап тұрады екен. Ал, мен әкем кеткен кезде ойыма жананы әңгімелері түсіп қорқа бастаймын. Болмағанын «аппалап» айқайға басам. Шаң басқан бетімді жас жуып, ағыл-тегіз боламын. Соны көріп әкем мәз. Мен қырсығып, сөйлемей қоямын. Ал, ол айналып-толғанып ашуымды тарқатады. Қайта әзілге көшіп, елсіз даланы басымызға көшіре күлеміз.

Солай уақыт өте келе студент атандым. Апта сайын әкем қалаға ауылдан келеді де тұрады. Ал, қасындағы қыз-балалардың жиі ата-аналары келе бермейді. Бәрі маған таңғалады. Әдетіне басып қасына ертіп алады. Керек жарағымды өнеріп, бір көріп, сағынышын басып болған соң ауылға қайтады. Ең қиыны мен тұрмысқа шыққанымда әкем көпке дейін маған салқындау бо-лып жүрді. Балкім, мені кимаған шығар деген іштей ой түйдім. Сол уақытта дейін анамды түсініп көрмешіп. Зілді даусын естисем, әкем қорған болады. Одан анық бала алмайтынын жасып білем. Талай тістепіп, жұлдыздары сырттай көрсетіп білем қоятын. Өңке, сінділерім секілді басымнан сипап, болмаса шашым-ды тарамдады. Үй тірлігіне араласқаным жоқ. Тамақ пісіру, үй жинау секілді шаруаларды жасамадым. Бірақ тұрмысқа шығып, келіп атанғанымда аңамның ақылы керек екенін ұғандым.

Біздің отбасымызда ұл баланы ұзақ күтті. Бес қыздан кейін барып, анам шекесі торсықтай ұл баланы өмірге әкелді. Сонда әкемнің қуанғанынан көзіне жас алғаны көз алдымынан кетпейді. Ата бабалар жазылған шежіре кітапты қолына алып, қаламмен өзінің тұсына ұлдың атын жазды. Сол кезде мен іштей қызғанғаным бар. Әрине, баламын ғой. Бірақ үйде талап күшейді. «Бала ауырып қалады, жетемелдер, жүгірмендер» деген секілді ескертпелерді жиі айтады. Анама деген күрметі одан сайын арта түсті. Сонда ұғымды ер баланың орны әрбір отбасы үшін ерекше екенін. Дегенмен, әкем үшін ерекше қыз болып қала бердім.



Бетті дайындағандар: Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА. gulzhaz77@mail.ru Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ. sara_aybek@mail.ru

ЖАРҒА ОПАСЫЗДЫҚ ЖАСАҒАННЫҢ ЖАЗАСЫ

Ұлттың ұғымына жат болғаны-мен, өкінішке орай, бүгінде ажы-расқандар қатары көбейіп барады. Оған жұптар баланың болмауын, мінездерінің әжікес келмеуін, әлеуметтік жағдайларының оңал-мағанын, тіпті опасыздық се-беп болғандығын алға тарта-ды. Бұрын отбасылы еректің қылдырылмаздылығын бет шы-мып айтатын еді. Ал бүгінде бір үйдің берекесін келтіріп, балла-рына ақылшы болар кей әйелдер отбасынан нәпесін биік қоятын сұмдыққа тап болдық. Бірақ оны қанша айтқанымызбен нәтиже жоқ. Ал шетелдерде мұндайлармен күрес заңмен реттелген екен.

Жазаның ауырлығы жағынан Па-пуа Республикасы көш бастан тұр деуге болады. Онда алғанан ер-кекке опасыздық жасаған әйелінің саусағын көңілдесіне шайнатады екен. Ал отбасын ойрандағаны үшін жазырын көңіл қосқан еректің ба-сын алуға құқылы көрінеді.

АҚШ-тың онда жуық шта-тында опасыздық жасаған ерлі-зайыптыларды түрмеге жабады. Мысалы, Миннесота штатында әйел мен еркекті де 5 жылға түрмеге жа-уып, 1000 \$ айыппұл төлетеді.

Вавилонада опасыздық жасаған-дарды тұтқиылтырып өлтірсең.

Орта ассириялықтарда әйелінің опасыздығының үстінен түскен ер-кек екеуін де сол жерде өлтіруге құқылы екен.

Түркияда 1996жылы қабылданған заңға сай осындай опасыздық үшін 5 жылға түрмеге тоғытылады.

Сауд Арабияда көңілдегінің құшағында болған әйелді шариғатқа сай әлі күнге дейін ел алдында тас-пен атады. Бұл жаза түрі Иран, Мавритания, Б.А.Э, Судан мен Ни-герияда қолданылады. Таспен атау — тек некеде тұрған әйел адамдарға қолданылатын жаза. Ал опасыздық жасаған еркектерді көптің алдында масқаралап, ұялтады.

Жазарыда айтылғандарға қос-ымша Иранда 1990 жылдан бері заң бойынша күйеуіне опасыздық жасаған әйелдерге тағы бір қатаң жаза тағайындалған. Бұл заңға сәйкес опасыздық жасаған әйелді бір туысы (ер адам, күйеуі болуы міндетті емес) ешқандай сотсыз-ақ өлтіруге құқылы.

Пәкістанда шариғатқа сай опа-сыздық жасаған әйелді дарға асуға болады.

Ауганстанда тура жолаудан тай-ған әйелдерді ел алдында масқа-раудан бастап, 10 жыл түрмеге де жабады.

Ал Индонезияда жаза мерзімі 15 жыл деп бекітілген.

Германияда бұрынғы кездері опа-сыздық жасаған ерлі-зайыптылар-дың аяқ-қолын кесіп жазалаған екен. Кейбір мәліметтерде ақсүйектер арасында опасыздыққа барған әйелді қамдауға ұстаған делінген.

XV-XVII ғасырларда Еуропа-да тура жолаудан тайған әйелді өмір бойына шіркеуде қалдырған екен. Сондай-ақ мұрын, құлағы мен ерінн кесіп, жазалаған көрінеді.

Кейбір африкалық тайпаларда опасыздық жасаған әйелдің жаты-рын алып тастаған екен.

Қазіргі Қытайдың Гуаньдун өлке-сінде некесіз жыныстық қатынас-қа тыйым салынған. Опасыздық жасаған ерлі-зайыптыларды 2 жылға түрмеге жауып, мүлкінің тең жартысын тәркілейді.

Интернет материалдары негізінде әзірленді.

СУРРОГАТ АНА АТАНУ ХАҚҚЫМЫЗДА ЖОҚ ЕДІ

Интернеттен «суррогат ана» деп теріп көрсеніз, сайттағы хабарландырулардан көз сүрінеді. «Сала-матсыздар ма, болашақ аналар. Суррогат ана болғым келеді. Екі баланың анасымын, өзім босандым. Денсаулығым Аллага шүкір, жақсы. Жалғызбасты анамын. Сіздерге бақыт сыйлауға дайынмын» дейді жас келіншек. Тағы бір хабарландыруда «Сурро-гат ана боламын. Бағасы 2 млн, ай сайын тамаққа 80 мың. 3 балам бар, өзім босандым. Занды некедемін. Жасым 30-да» делінген. Ал, осы қызметке мұқтаждар «Сурмама керек. Жасы 20-30 арасында. Кішкентайы 2-3 жаста болса. Заңды түрде нотариус арқылы келісеміз. 1500.000+50000 +200000» деген хабарлама қалдырған.

Кәрі құрлықтың көптеген елдерінде тыйым салынған суррогаттық қызмет біздің елде өркен теңгеге бала көтеріп, дүниеге әкелуге әзір. Егер кесір тілігі жасалса, қосымша шамамен 200 мың теңге, егіз босанса тағы осындай сома төленеді. Суррогат ананың бір айлық тамағына орта есеппен 50 мың теңге кетеді, оған дәрі-дәрмекті, пәтеракысын қосынсыз.

Суррогат болу үшін әйел денсаулығы тура-лы медициналық қорытынды тапсыруы міндетті. Репродуктивтік медицина институтының 2011-

2015 жылдары жүргізген зерттеулеріне қарағанда, сұралған 100 суррогат қызметін ұсынушының орта жасы – 32,5. Олардың 12 пайызы некеде тұрады, 36 пайызы ажырасқан, ал 52 пайызы ешқашан неке-де болмаған. Біреудің баласын көтеріп, туып беруге қаржылық жағдайы, тұрмыстық қиындықтар итерме-леген. Сұралғандардың 38 пайызының табатын табы-сы күнкөріс деңгейінен төмен. Бірақ 95 пайызының жоғары білімі бар. Олардың 79 пайызы осы қаламға барғанына өкілмейді. Ал 21 пайызы бұл әрекетін қателік деп есептейді. Суррогаттардың 92 пайызы тапсырыс берушілерге еш қиналмастан баланы бер-се, 8 пайызы тоғыз ай, тоғыз күн көтерген перзент-ке бауыр басып қалғанын айтқан. Бұрын осы қызметті атқарған әйелдердің 64 пайызы қайтадан суррогат болуға лайын екен.

Суррогаттық қызметті алғаш рет 1980 жылы американдық 37 жасар Элизабет Кейн ұсынған. Тарап-тар қол қойған шарт бойынша Элизабет табиғи жол-мен шарананы дүниеге әкелген соң ақшалай сыйақы алды. Содан бері бұл қызмет кең етек ала бастайды.

Жоғарыдағы хабарландыруларға қарағанда біздің елде суррогаттыққа сұраныс та, ұсыныс та жеткілікті. Ал Германия, Франция, Испания, Польша, Португа-лия, Түркия, Жапония, Қытай және АҚШ-тың кейбір

штаттары бұған рұқсат бермеген.

Қазақстанда «Азаматтардың ұрпақты болу құқық-тары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» заңда, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексте «құрсақ ананың» құқықтары нақтыланған. Ал «Неке және отбасы туралы» заңда суррогат анаға қойылатын талаптар көрсетілген. Сур-рогат ана болуды қалайтын әйел жиырма жастан отыз беске дейінгі, физикалық, психологиялық және репродуктивті денсаулығы қанағаттанаралық бо-луы тиіс. Мұндай қадамға тәуекел еткен әйел неке-де тұруы мүмкін, сондықтан жұбайының нотариал-ды тәртіппен куәландырылған жазбаша келісімі болу қажет. Шарт жасағанда тапсырыс бергендер сурро-гат ананың жүктілік, босану кезеңінде және босанған кезден бастап елу алты күн бойы, босанудан кейін ақшынулар орын алса, жетпіс күн бойы шығындарын төлеуге міндетті. Суррогат ана тапсырыс берушілерге өзінің физикалық, психологиялық және репродуктивті денсаулығы туралы қорытынды ұсынуы, тұрақты түрде дәрігерге көрінуі, оның ұсыныстары мен тағайындамаларын қатал орындауы, жүктілік ағымы туралы мерзімде хабардар етуі, шарт жасасқан тұлғаларға туылған баланы беруі керек.

Дәрігерлердің айтуына қарағанда, ананың

психологиялық жағдайы құрсағындағы сәбиге әсер етпей қоймайды. Ақша үшін біреудің баласын туып беруге келіскендер 9 ай бойы өздерін мазалаған ау-рулары туралы тапсырыс берушіге де, дәрігерге де айтпауға тырысады. «Сондықтан суррогат ана-ны таңдағанда болашақта болуы мүмкін барлық қатерлерді ескеру керек» дейді мамандар.

Ертегі тыңдап өскен біздің қатарларымыз «баяғыда бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, бір перзентке зар болыпты» деп келетін оқиғалардың соңы баянды болып бітетінін білеміз. Ауыз әдебиетінің небір інжу-маржандарындағы, батырлар жырларындағы кейіпкерлердің әулиелерге ат атап, мойнына бұршақ салып жүріп бір «қиқи өкпені» тілеп алатыны бар емес пе? Елімізде 200, кей дерек-терде 300 мыңнан астам отбасы бір перзентке зар болып отырғанын ескерсек, ұрпақты болудың за-манауи әдістерінің кең етек жайғаны қуантарлық. Туысканының, бауырының бақыты үшін суррогаттық қызметті тегін көрсетушілер де бар. Бірақ, қоматқы қаржыға жалға берілген жат құрсақта жаралған бала-лар, олардың тағдыры туралы бірдене айту өте қиын. Бала туып берудің бизнеске айналып бара жатқаны да кісі қызығатын жағдай емес.

Қазақтың салтында баланың «кіндік шешесі», «сүт анасы» атанған кісілерді сыйлау әдебі қалыптасқан. Соңғы кезде пайда болған «құрсақ анаға» ақша төлегеннен басқа құрмет көрсетілмейді. Ол тоғыз ай көтерген нәрестесін бір іскеместен, тапсырыс берушілерге өткізеді. Бәрі де сатылатын заманда өмір сүріп жатқандықтан, құрсағын уақытша жалға беріп ақша табатындарға, яғни суррогат ана қызметін ұсынатындарға таңғалмайтын болдық. Бұл үрдіс біздің өмірімізге сыйнап еніп, қалыпты құбылысқа айналды. Жалғызбасты, жағдайы төмен, жұмыссыз... Еліміздегі суррогат ана портреті осы-лай суреттеледі. Бүгінде бөтен біреудің баласын туып беру жоғары жалақылы жұмыс болып тұр.

Жылдың басынан бері төбе шашты тік тұрғызатын оқиғалардың астында қалдық. Көкек ана дегендерің небір өнерді шығара бастады, бірі шараңасын дәретханаға тірілей тастап кетсе, енді бірі асфальт жолға атып ұрып кете беретін болды. «Азаматтық некедегі еркек пен әйел баланы өмірге әкелу бойына тірілей көміп тастаған» деген де ақпар тарады жақын күндері.

Пиғылы бұзылған жұмырбасты пенделерді түсіну қиын. Зорлық-зомбылық, алаяқтық, кісі өлтіру, өз-өзіне қол салу. Мұндай маскара жәйттер үйреншікті нәрсеге айналды. Сорақысы қатыгездік пен өшпенділікке үлкенмен қатар кіші де құмар боп барады. Бір анығы – азғындау процесі баланың көрген тәрбиесіне, алған өнегесіне, қоршаған ортасына орай пісіп-жетіледі де, уақыт өте келе түбі бір жерден «тесіп» шығады. Айтпағымыз, бүгінгі бала тәрбиесінің кемшін тұстары және оны түзеудің жолдары қандай?

ТӘРБИЕҢ ҚАМАЙ, АТЛА-АННА?

ҰЯДА НЕ КӨРСЕ...

Облыстық ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, өткен жылы көмелетке толмағандардың қатысуымен 100 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2014 жыл көрсеткішіне қарағанда 28,2 пайызға артқан. Ал профилактикалық есепте тұрған жасөспірімдер саны – 63. Мұны аз дей алмайсыз. Баланың теріс жолға түсуіне

мультфильмдер. Одан қалды ұялы телефон. Қарап отырсаңыз, киноларды айтпағанда, қазіргі мультфильмдердің өзі атыс-шабыс, қырпып-жоюдан тұрады. Бала әдетте естігенін емес, көргенін тез қабылдайды да, бұзықтық жасауды қалыпты нәрсе санайды. Сөйтсе де, сана қатыгездікпен уланады. Ал, ұялы телефон дегендерің оның ар жағында теріс тәрбие беріп жатыр. Яғни, ата-аналардың көпшілігі «осы тыныш болсын» д е й д і



да жоқ емес. Сондықтан да, ата-аналар бала тәрбиесіне келгенде аса жауаптылық танытпаса, жастайынан қаңғыбастыққа салынғандарды кейін жөнге салу кеш боп қалары сөзсіз.

ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢ ӨКІНДІРМЕС ҮШІН

Болар нәрсе болды, аяғын шалыс басқан баланы жазалағаннан гөрі негізгі себепке тағы да үңіле түссек. Яғни, ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік. Біз **Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Қайрат БЕРЖАНОВПЕН** әңгімелескен болатынбыз.

– Өткен жылы ата-аналық құқығынан айыру бойынша 66 талап арыз түсті. 2014 жылы бұл көрсеткіш 33 болатын. Бұл цифр нені аңғартады? Бұл – қазіргі таңда ата-аналық міндетін дұрыс атқармайтын жандар күн санап көбейіп келе жатыр деген сөз. Соның кесірі балалардың бұзақылыққа, қылмыс жасауына әкеп соғады. Мәселен, өткен жылы 14 жастағы баланың ұрлық жасауына байланысты іс қаралып, қаулы шығарылды. Байқоңыр қаласында тұратын әлгі бала осы уақытқа дейін мектеп талбалдырығын аттап көрмейті. Шешесі бұл жағдайға байланысты түрлі сылтау айтып ақталды. Көріңіз бе, өзімен қоймай баланың тағдырына балта шапқан. Бұл жерде білім беру ісі саласындағылардың да салғырттығы бар. Яғни, Байқоңырда Қазақстан азаматтарының білім алу құқығы тұрғысында қадағалау, бақылау өз деңгейінде жүргізілмейтінін көрсетеді.

Сондай-ақ, өткен жылы Қазалы ауданының бір азаматшасы 6 баласынан бас тартып, әлек салып. Асырап-бағуға, тәрбиелеуге шамасы келмейтінін айтқан оған заң шеңберінде болсын, демеушілерден болсын көмек қарастыруды ұсынамынбыз. «Алмаймын да, алмаймын» деп табандап тұрып алды. Демек, ол азаматшаны баланың болашағына емес, қара басының қамы қызықтырып, құтылғанын қорытынды тұр. Оған не дейсің?

Мұндай мысалдарды көптеп айтуға болады. Тәрбиенің жетімсіздігі тұрасында мына оқиғаны айтайын. Мектептің өтпелі кезеңдегі оқушысы қатарымен сөзге келіп қалып, келесі бір төбелес кезінде қорғану үшін қарсыласына пышақ жұмсаған. Пышақ оның қалтасында ойла-жоқта пайда болған жоқ, осы жағдайдың болатынын біліп, ол алдын ала дайындалып жүрген. Бұрын бұзақылық әрекеттер жасамаған, жағдайы жақсы толық отбасының баласы. Демек, ол туынданған жағдайдан шығу үшін пышаққа жүгінген. Неге ата-анасынан көмек сұрамайды, неге мектеп мұғалімдерімен пікірлеспейді? Бұдан шығатын қорытынды, балалардың өтпелі кезеңде қателікке бой алдыру ықтималдығы жоғары. Сондықтан, ата-аналар баланың мінез-құлқына, жағдайына, көңіл-күйіне жіті мән беріп, әңгімелесіп, ағаттық жасамауға шақырып отырғаны жөн.

Мектептегі психолог-педагогтар да әрбір оқушыны қадағалап, ата-анасымен бірге жұмыс істеуге талпынса құба-құп, – дейді судья Қайрат Бержанов.

Қорықпана, бауыр еті баланыз адами қасиеттері бойына сіңіріп өссін десеңіз, қызыңыз ибалы, ұлыңыз иманды болғанын қаласаңыз, қазірген бастап баланыздың немен айналысып, нені қызықтап отырығанына мән беріңіз. Телеарна мен телефонға тәлімтіркеңіз, көркем әдебиет оқығына, болмаса түрлі үйірмелерге қатысуына жағдай жасаңыз.

Нағымжан САУЯЕВ.

Бұл жұмыр жерде жаны жайсаң, кең жүректі адамдармен жүрудің өзі бір ғанибет. Болмысынан қарапайым, кісі көңілін қалдырмайтын, шыншылдықты жаны сүйетін кейіпкерімізді мен осындай көркем мінзеді жандар қатарына қосамын. Жаса Серікбаева Жалағаш ауданы, Жалағаш кеңшарында ерке Сырдың жағалауындағы ауылда 1955 жылы дүниеге келіпті. Алматыдағы қазақтың іргелі білім ордасы, кезіндегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетінің түлегі Жаса Көпешқызы еңбек жолын туған ауылы №114 «Актив» орта мектебінен бастаған еді.

ҰСТАЗДЫҚТЫ ҒЫЛЫММЕН ҰШТАСТЫРҒАН

Жаса Көпешқызы институтта ширек ғасыр қызмет етті. Талай қым-қуат еңбек майданында жүріп, қаншама игі істердің ұйтқысы болды. Қазірде білім саласында өзінің мол тәжірибесімен, іскерлігімен ұстаздар қауымының құрметтісі бола білген мәртебелі жан.

Институтымызда Жаса Көпешқызы іргелі химия, биология және экология ғылымдарын негіздейтін кабинеттердің меңгерушісі болып, осы ғылымдар төңірегіндегі пәндік жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына, берілу әдістемесіне, жана бұын оқулықтарының шығуына талдау жасап отырды. «Білім мазмұны мен әдістемесі» атты кабинетті басқарып, 12 жылдық білім берудің мазмұны мен әдістемесін, аудандық, қалалық және облыстық семинарлар мен «Шеберлік сыныптар» өткізіп тиімді әдістемелік көмек көрсетті. Осы өрелі істерін әдістемелік және аға оқытушылық қызметпен жалғастырды.

Жаса Көпешқызы институтымызда ең алғаш «Таңдаулы химия пәні мұғалімі», «Үздік химик», «Үздік биолог», «Үздік дидактикалық және әдістемелік құралдар» және «Үздік қолданбалы және таңдау курстарының авторлық бағдарламасы мен оның оқу-әдістемелік кешені» атты облыстық байқаулар өткізіп, үздіктерді анықтады.

Ұзақ жылдар облыстық білім басқармасы өткізетін пәндік олимпиаданы өткізудің ұйтқысы болды. Химия және биология пәндері олимпиадасының тапсырмаларын екі түрде, екі тілде дайындап, оған қазылық етті және талдау жасап отырды. Нәтижесінде жеңімпаздар республикалық олимпиадаларда озып шықты.

Жүзден астам біліктілік арттыру курсының бағдарламасын жасақтап, әр бағыттағы курстарда 25 000-нан астам ұстазға дәріс оқып, тыңдаушыларын білім нәрімен суусындатты. Жаса Көпешқызы шеберліктің бел ортасынан ойып орын алатын, тәжірибесі мол, тыңдарман ортасын еліктіріп әкететін ерекше қабілетімен де дараланды.

12 жылдық білім беруге бейімдейтін бағдарламаға көшенде Жаса Көпешқызының орта мектептерге тигізген еңбегі де ұшан теңіз еді. Соның бірі біліктілік арттыру курсына практикалық сабақтарда қатаң талап қою отырып, бағдар-

лы білім беру жағдайына негізделген авторлық қолданбалы, таңдау курстарының бағдарламасын қалай жоспарлау керектігін үйретіп, нәтижесінде өздеріне авторлық бағдарлама жасақтады. Тәлімгерлер жасақтаған авторлық бағдарламаны жинақтап, ғылыми-әдістемелік кеңеске ұсынып, қорытындысында «Қолданбалы және таңдау курстарының бағдарламасы» деген атпен әдістемелік құралды басыпана шығарып, облыстағы жаратылыстану-математика пәндері ұстаздарына таратты. Бұл бағыт бағдарды ауалай қажет етіп отырған республика жұртшылығы үшін таптырмас қазақша әдістемелік құрал еді.

Ұстаздар авторлық бағдарламаларын жасақтаған кешендерін мектепте сынақтан өткізіп, өз тәжірибелерінде пайдаланды. Осының нәтижесінде облыстық «Үздік авторлық қолданбалы, таңдау курстарының бағдарламасы және оқу-әдістемелік кешені» атты байқауға

қатысып, ең үздік авторлар анықталды. Облыста тиімді авторлық бағдарламалар мен оған сай келетін оқу-әдістемелік кешендер жасақталды.

Бұл да ұстаздың ерекше жұмыс үлгісінің жаңаша қыры болды. Қазір байқауларға жоғарыдан қатынас келіп, көп өтпей-ақ күнде оның қорытындысы сұралып жатады. Ама! жоқ, ақпар орындалады. Ал жаңағыдай авторлық бағдарлама, оған сай оқу-әдістемелік кешен немесе арнайы оқулыққа байланысты кешен жасау байқаулары осындай бірнеше жылдардың еншісінде талдау жасалып жүруі керек. Сонда ол істің құндылығы, шынайылығы және жауапкершілігі болады.

Кезіндегі институттың жоспарлы жұмысы бойынша жылдар бойы 12 жылдық білім беру жағдайында жүргізілген біліктілік арттыру курстарының ерекше орны бар, республикалық үдерістері маңызды іс болды. Үлкен «12 жылдық Білім беру керуені» облыстың барлық аудандарында дүбірлі, қызу өлең шеуімен өтті.

Қазіргі ғаламшарды алаңдатын экология мәселесі кезінде мектепте пен ретінде жүрді. Оған ҚР Білім және ғылым министрлігінің қадағалауы да жоғары болды. Белгілі ұстаздың «Сыр өңірінің экологиясы» және «Ауа атмосферасы» атты семинарлары Қорқыт Ата университетінің білікті ғалымдарымен бірлесіп жасалған сәтті жұмыстар болды.

Дәл қазір білім саласындағы жаңалық, әлем алаңдаған бетбұрыс бұл – PISA, TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулері. Институт республикада бірінші болып жана бағыттағы курстар өткізді. Ұстаздарымыз Астана қаласында арнайы тренерлік курстан өтіп, маманданды. Республикалық үдеріске түскен айтулы шараға біздің институтымыздың қосқан үлесі зор болды.

Мұғалімдер құрастырған құзыреттілік тапсырмаларға талдау жасалып, нәтижесінде «PISA, TIMSS халықаралық зерттеуіне сай тапсырмалар үлгісі» деген атпен әдістемелік жинақ ұсынылды. Бұл мұғалімдер елден күтіп отырған заман талабына сай қажетті құрал болды.

Ұстаз оқытудың жаңаша үрдісін игерді. «Оқытудың интерактивті әдісі», «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы, М.М.Жаппейсованың «Модульдік оқы-

ту технологиясы», профессор Ж.А.Қараев ізін салған «Оқытудың үш өлшемдік әдістемелік жүйесі» атты технологияларды меңгерген. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттырып, жаңаша әдістермен жасақтауда тыңнан жол салды.

Жаса Көпешқызының ұстаздардың озат тәжірибесін зерделеуде де еңбегі зор. Ұстаздың республика жұртшылығына үлгі боларлықтай еңбегінің бір бөлесі – институт базасында білім саласында орны бар. ҚР Білім беру ісінің үздіктері Б.М.Ділановтың өмір жолын зерттеп, жас буын ұстаздар қауымына танытып, республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Нәтижесінде «Заманшын заңғар ұстазы Б.М.Діланов» атты жинақ даярлауы. Кезінде инсти-



тутты он төрт жыл басқарған, елінің қалаулысы К.Атабаевтың еңбегі мен білім саласындағы игі істерін насихаттау барысында 4 дүркін республикалық және халықаралық дәрежеде ғылыми-әдістемелік педагогикалық оқу өткізіп, нәтижесінде IV томдық «Атабаев тағылым» атты жинақ даярлады. Жаса Көпешқызы – өз ғұмырында ізденумен жалықпаған, өз мұратын ұстаздықтың ұлы жолынан іздеген еңбеккер, біліміне білігі сай айрықша жан.

Ол республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында танымдық, тәрбиелік мәні бар құнды мақалалар жариялап отырды. 100-ден астам ғылыми-әдістемелік және 20-ға тарта әдістемелік құралдардың авторы.

Бар уақытын ізденіске, шығармашылыққа, жананы жаңғыртуға арнаған ұстаздың еңбек жолы елеусіз қалған жоқ. Институттың бірнеше дүркін марапаттарына ие болып, облыс әкімдігінің Құрмет грамотасы мен арнайы сыйлығы иеленді, ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Облыстық «Ең шығармашыл ұстаз», «Білім беру ісінің үздігі» тосбелісінің және Халықаралық дәрежедегі Д.И.Менделеев медалінің иегері.

Жаса Көпешқызы – халқының қалаулысы болған, жұмыс стилі өзгенде бөлек тұратын, өресі жоғары, ерекше жан. Ұстаздықтың ұлы жолында 40 жылдан астам тер төккен ардақты ұстаз биыл 60-тың асқарына шықты. Өмір арнасында бақытты да ұзақ ғұмыр тілеп, шыққан тауыңыз асқақ тұрсын демекпіз.

Раушан МӘРСАЛП,
“Өрлеу” біліктілік арттыру ұлттық орталығы» АҚ
Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының тренери.

ТЕЛМІРТКЕН ТӘРБИЕ БОЛМАЙДЫ

Бала тәрбиесіне ата-анаман бірге қоршаған ортаның әсері болатыны басы ашық нәрсе. Ал, бүгінгі баланың айналасы қандай? Адам боп қалыптасу процесіне үлес қосар сыртқы факторлардың бет-бейнесі қалай орнуде? Біз бұл сауалдарға жауап табу үшін маман пікіріне назар салайық.

Гүлмира АҚТАЕВА, облыстық психоневрология ауруханасы балалар бөлімшесінің психологы:

– Балалардың санасын улап жатқан нәрсе ең бірінші – теледидар. Ондағы кино,

де, қолына интернет қосылған телефонды ұстап салады. Баланың одан не көріп, не қойып жатқанында шаруалары жоқ. Бұрын қалай еді, ол заманда телеарна дегенің аз, ал мультфильмдердің қай-қайсысы да адамгершілік тұрғыдан тәрбиесі зор еді.

Екіншіден, ата-аналар бала тәрбиесіне жүрдім-бардым қарайды. Мақұл, жұмысбасты екен, десе де үйге келген бір мәрте баламен сөйлесіп, жақсы қасиеттер тұрасында әңгімелесуге болады ғой. Ол жоқ, осындай кейін, тәрбие ақсайды. Мәселен, бүгінгі таңда көмелет жасқа толмаған кейбір балалардың түнгі мезгілде көше кезіп жүретіні жасырын емес. Тәртіп сақшылары олармен жұмыс жасап жатыр. Ата-аналарға айыппұл салып, жазаға тартылып жатқандары да бар. Менің ойымша, осындай оқиғаларды жергілікті уәкелелі инспекторлар мектептегі ата-аналар жиналысында айтып, жариялап отырса құба-құп. Сонда ғана өзге ата-аналардың ойланып жүруіне септігі тиер еді.

Үшіншіден, бүгінгінің балаларына еркіндік берілген. Яғни, баланың айтқаны – заң. Оған мектепте мұғалім, балабақшада тәрбиеші ұрысуға болмайды. Ұру екібастан ғой. Егерәки, ондай жағдай бола қалса, ата-ананың құлағына жетелі де, айқай-шү басталады. Бұл еркіндік баланың тәртіпке үйреніп, тәрбиеге көңіліне кері әсер етеді.

Біздің ауруханаға «Мінез-құлқындағы бұзылыс» диагнозымен балалар келіп тұсады. Бірі үйінен қашып кеткен, бірі сабаққа қатыспайды, бірі төбелеспесе жүре алмайды. Әңгімелесуде байқайтынымыз, мұндай балалар толық емес және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шығады. Демек, олардың тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлінбейді, – дейді психолог.

Психологтің айтатынындай бар. Беймезгіл уақытта көше кезіп жүретін балалар, әлбетте, бірденеге ұрынуы мүмкін. Мәселен, 22-24 қантар күндері Қызылорда қаласында тәртіп сақшылары «Балалар түгіт қалада» атты жедел-профилактикалық ішпарасын өткізген болатын. Нәтиже көңіл қуантайды. Жүргізілген іш-шара барысында ішкі істер органдарына 279 көмелетке толмағандар жеткізілсе, оның ішінде 268-і түрлі әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны, қалған 11-і қадағалаудысы қалғаны үшін жекілінген. Ұсақ-түйек дейтін жоқ, түнде жүріп «жөреме» ілкіртгерлердің ішінде 26-сы бұзақылық жасапты. Жұрттың мазасын алып, будақтатып темекі шеккендері де бар. Жылды су ұрттап, ойын-сауық орындарында сайран салғандар

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2016 жылдың I тоқсанына азаматтарды және қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Демуханов Марат Нұрсайынұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сәрсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	40-08-16
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ескераева Айтнұкул Иткенқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сәрсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айтүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сәрсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Алдажаров Аманжол Истайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сәрсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	27-01-00

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында (8 7242) 27-02-06 «сенім телефоны» жұмыс жасайды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №233бұйрығымен бекітілді

Электрмен жабдықтаудың шарты №

«Шиегі Жарығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі №000507 16.07.2009 жылы берілген мемлекеттік лицензияға сәйкес тұтынушыларды электрмен жабдықтауды жүзеге асырушы, бұдан әрі жабдықтаушы деп аталатын. №337-1933-08-Т00 22.06.2010 ж. негізінде «Шиегі Жарығы» ЖШС атынан Жарығы негізінде әрекет етуші директоры Қасымов Қалмырза Айдарұлы бір жағынан және бұдан әрі тұтынушы

әрі қарай Тараптар келесі мазмұндағы электр энергиясымен жабдықтау Шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
1) есептік кезең - тұтынылған электр энергиясы есепке алынып, тұтынушыға төлем жасауға ұсынылатын, Электрмен жабдықтау шартымен айқындалатын уақыт кезеңі;
2) тұтынушы - электр энергиясын Шарт негізінде тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;
3) коммерциялық есепке алу құралы - Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген электр энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы;
4) электр энергиясын есепке алу схемасы - берілетін және тұтынылатын электр энергиясының көлемін есептеу үшін оны есепке алуға қамтамасыз ететін электр энергиясын есепке алу құралдарының белгілі бір электрлік жағдайы.

2. Шарттың мәні

2. Жабдықтаушы энергия таратушы ұйымның қосылған желісі арқылы тұтынушыға электр энергиясын беруге міндеттенеді, ал тұтынушы осы Шарттың талаптарына сәйкес қабылдаған электр энергиясын төлеуге міндеттенеді.

3. Шарт тұтынушымен оның қолданысқа заңнамамен белгіленген тәртіппен энергия таратушы ұйымның желісіне қосылған жабдығы болған жағдайда, сондай-ақ коммерциялық есепке алу құралы болған жағдайда жасалады.

4. Шарт бойынша абонент энергияны тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланатын жеке тұлға болған жағдайда, абоненттің белгіленген тәртіппен жалғанған желіге нақты қосылу күнінен бастап Шарт жасасқан болып саналады.

5. Шарт жасасу үшін тұтынушыда мына:
1) тараптардың тұтынушының электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу актісі (көпөтелерлі құрылыстарда тұратын жеке тұлғаларды қоспағанда);

2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісі;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың немесе жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмелері;

4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқық туралы анықтама немесе электрмен жабдықтау объектісіне құқық белгілейтін құжаттар көшірмесі;

5) жеке басын куәландыратын құжатты қоса ұсынып, Электрмен жабдықтау шартына қол қоюға құқығы бар тұлғаға берілетін бұйрық (сенімхат);

6) техникалық шарттар (көпөтелерлі құрылыстарда тұратын жеке тұлғаларды қоспағанда);

7) дербес деректерін жинауға және өңдеуге жазбаша келісімімен жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері (жеке тұлғалар үшін);

8) тұрғын үйде (пәтерде) тұратын жеке тұлғалардың санын растайтын құжат (жеке тұлғалар үшін) болуы қажет.

Объектінің иесі ауысқан жағдайда, техникалық талаптарды ұсыну талап етілмейді.

3. Тұтынатын электр энергиясын есепке алу

6. Жабдықтаушының жіберген және тұтынушының қабылдаған энергиясының көлемі коммерциялық есепке алу құралының көрсеткішімен анықталады, ал тұтынушының кірісісіз (пломбаның бүтіндігі және есептеу құралының алдыңғы ақпиде көрсетілген орнатуы және аспаптық тексерісіне сәйкес келген жағдайда) коммерциялық есепке алуғаң бұзылуы анықталған жағдайда, тұтынудың есебін энергия беруші ұйым алдыңғы немесе электр энергиясының қаржысы мен есеп алу схемасы түзетіндей келесі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізеді. Есеп айырысу кезеңі бұзылу анықталған күннен бастап коммерциялық есепке алуға бұрынғы қалпына келтіру күніне дейін аралықты қамтиды, алайда ол мерзім күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауы қажет.

Тұтынушы коммерциялық есепке алуға бұзылуылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күндік мерзім ішінде қалпына келтіреді.

Бұзылуылық анықталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң коммерциялық есепке алу қалпына келмеген жағдайда, есеп айырысу техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуат бойынша, ал техникалық шарттар болмаған жағдайда, тәулігіне

24 сағат пайдалануды ескеріп, қосу коммутациялық аппаратының номиналды тогы бойынша жүргізіледі.

7. Тұтынатын электр энергиясын есепке алу кезінде коммерциялық есепке алу құралы тараптардың теңгерімдік жауапкершілігі шекарасында орнатылады.

8. Коммерциялық есепке алу құралының саны Шартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммерциялық есепке алу құралдарының тізбесінде көрсетіледі.

9. Коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу жабдықтаушының немесе энергия таратушы ұйымның өкілдерімен тұтынушы немесе оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

Тараптардың келісімі бойынша тұтынушы өзініңтен электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алып, оларды энергия беруші (энергия өндірісші) ұйымға тапсыруына болады. Тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу кезінде жіберген қателіктерін энергия беруші (энергия өндірісші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым олардың анықталуы бойынша түзетеді.

10. Тұтынушы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланатын тұтынушыны қоспағанда) жекеті жылға электр энергиясын тұтыну көлемін анықтау үшін жабдықтау жылының алдыңғы жылы басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергиясын жеткізу туралы ақпады ала отырып береді.

11. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткішін алу мүмкін болмаған жағдайда және егер тұтынушы бұл ретте пайдаланған электр энергиясы туралы өз бетімен мәлімет ұсынаса, тұтынушы есептеу электр энергиясының алдыңғы кезеңдегі орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте электр энергиясының орташа тәуліктік шығыны бойынша есептеу кезеңі үшін есептік кезеңнен аспауы тиіс, кезең аяқталғаннан кейін электр энергиясын беру тоқтатылады.

4. Электр энергиясына төлем жүргізу шарттары мен тәртіптері

12. Тұтынушыларға ұсынылған электр энергиясы есептеу табиғи монополиялар және олардың қызметін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес белгіленген тарифтер бойынша жүргізіледі.

Заңды тұлға болып саналатын тұтынушы тұтынылған электр энергиясы үшін төлемді тәуліктік аймақтары бойынша сараланған тарифтер бойынша өтейді.

Заңды тұлғалар болып есептелмейтін тұтынушылар тұтынылған электр энергиясы үшін төлемді тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтер немесе тұтыну көлеміне байланысты сараланған тарифтер бойынша өтейді.

Жана тарифтерді қолданысқа енгізу тұтынушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алдын ала мәлімденгеннен кейін жүзеге асырылады және бұл әрекет осы Шарттың қайта жасалуына негіз болмайды.

13. Энергияға есептеу тәртібі заңнамаармен немесе тараптардың келісімімен анықталады.

Тұтынушы төлемді есептік айдан кейінгі келесі айдың 25-ші жұлдызынан кешіктірмей (немесе Шартта келісілуі тиіс мерзімде тұтынушы мен жабдықтаушы арасындағы келісім бойынша) өтейді. Есептік кезең бір күнтізбелік айды құрайды.

14. Электр энергиясына төлем Шартта көзделген мерзімде өтелмеген жағдайда, тұтынушы жабдықтаушыға негізгі қарыз сомасынан аспайтын әрбір мерзімі өткен күн үшін төлем өтелетін күнгі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселіктен аспайтын көлемде тұрақсыздық айыбын төлейді.

15. Егер тұтынушы Электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғандығы үшін ажыратылған болса, онда энергия беруші (энергия өндірісші) ұйым оны бұзушылық жойылғаннан кейін және қосылу қызметінің толық өтелгеннен кейін қосылуына есептеледі.

16. Тұтынушы тұтынған электр энергиясы үшін жабдықтаушының электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдары көрсеткіштерін немесе Электрмен жабдықтау шартының талаптарына сәйкес тұтынудың басқа есебі негізінде есептік айдан кейінгі айдың 10-шы жұлдызынан кешіктірмей жазып берген төлем құрағы бойынша есептеледі.

Тұтынушылар жабдықтаушыдан төлем құжатын өз бетінше алады (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланатын тұтынушыны қоспағанда).

17. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралын электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан тыс орнатқан жағдайда, электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын орнатқан жерге дейін үшкескерді электр энергиясының шығындары шарт негізінде теңгерімде желінің көрсетілген ушкескері тұрған негердің меншігіне жатқызылады және энергия беруші (энергия өндірісші) ұйымның есептік жолымен анықталады.

18. Смарт-картасы бар есепке алу құралдарын қолдануға негізделген электр энергиясының автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесі болған жағдайда, тұтынушы тұтыған электр энергиясы үшін төлемді төлем құжатысыз өз бетінше анықтаған көлемде өтейді.

5. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

19. Тұтынушының:

- 1) Шарттың талаптарына сәйкес электр энергиясын алуға;
- 2) жабдықтаушыдан келтірілген нақты залалды толық көлемде өтеуін талап етуге;
- 3) электр энергиясын өзіне қажетті көлемде қолдануға;
- 4) жабдықтаушының есептеу, тұтынған электр энергиясы үшін толық төлем өтеген жағдайда, Шартты бір жақты тәртіпте бұзбауға;
- 5) шартты жасауға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге;
- 6) көп мөлшерлемелі есепке алу құралы болған жағдайда, жабдықтаушыға тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтерді белгілеуге отыны білдіруге;
- 7) есеп беру айының 26-шы жұлдызына дейін келесі күнтізбелік айда тұтынатын электр энергиясының Шарттық көлеміне түзетулер енгізуге (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланатын тұтынушыларды қоспағанда);
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарға құқылы.

20. Тұтынушы:

- 1) электр энергиясын тұтыну режимін сақтауға;
- 2) электр және энергия қондырғыларының, коммерциялық есепке алу құралдарының тиісті техникалық жағдайда ұстауға, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №143 бұйрығымен белгіленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10403 тіркелген) Электр энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес олардың техникалық жағдайына қойылатын талаптарды орындауға;
- 3) осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұтынушыны электрлік желіге қосу схемасын сақтауға;
- 4) авариялар, өрттер, электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары жұмысындағы ақаулар және электр энергиясын пайдалану кезінде пайда болатын өзге де бұзушылықтар туралы жабдықтаушыға дереу хабарлауға;
- 5) қарап байқау, Шарттың талаптарын орындауын тексеру мақсатында энергия беруші (энергия өндірісші) ұйымдардың және (немесе) жабдықтаушының өкілдеріне коммерциялық есепке алу құралдарына кіруге рұқсат етуге;
- 6) жасалған Шартқа сәйкес тұтынылған электр энергиясының төлемін уақтылы өтеуге міндетті.

6. Жабдықтаушының құқықтары мен міндеттері

21. Жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйым:

1) төмендегі жағдайларда тұтынушыны электрмен жабдықтау тоқтатылуына дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланатын тұтынушыны кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын) ескертіп, электр энергиясын беруді жартылай немесе мүлде тоқтатауға;

Электрмен жабдықтау шартымен белгіленген мерзімде электр энергиясымен толемакысын толық немесе мүлде төлемегенде;

Электрмен жабдықтау шартымен белгіленген электрді тұтыну режимін бұзғанда;

белгіленген мерзімде энергия беруші (энергия өндірісші) ұйымның Қағидаларға сәйкес бұзушылықтарды жою туралы талаптары орындалмаған жағдайда;

2) энергия беруші (энергия өндірісші) ұйым төмендегі жағдайларда тұтынушыны алдын ала ескертусіз электр энергиясын беруді толық тоқтатады:

электр энергия қамбалдағыштарын энергия беруші (энергия өндірісші) ұйымның желілеріне өз бетімен қосса;

электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепке алмай) электр энергиясының қамбалдағыштарын қосса;

энергия беруші (энергия өндірісші) ұйым және өзге тұтынушылардың электр қондырғыларының қалпыты жұмысын бұзған деңгейіне дейін тұтынушының кірісінен энергия сапасының көрсеткішін төмендетсе;

жұмыс уақытында (іс-сапарға жіберу құқығында) энергия беруші (энергия өндірісші) ұйымның және энергетикалық қалауауа және бақылау органның өкілдерін тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарын және электр қондырғыларын қарауға жібермесе;

апатты жағдайда.

Электрмен жабдықтау және (немесе) энергия беруші ұйым резервтік қуаттаңдары болмаған жағдайда, жабдықты жөндеу және жана тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін тұтынушыны электр энергиясымен жабдықтауды тоқтату туралы ажыратудан күнтізбелік үш күн бұрын ескертеді.

Энергия беруші ұйым адам өміріне қауіпті, айтарлықтай экономикалық зиянды қондырғылардың жұмыс істеуін және электрмен жабдықтау жүйесінің ағыршық мандызы элементтерінің істен шығуына әкелуі мүмкін апаттардың алдын алу немесе жою бойынша шұғыл шараларды қабылдау үшін тұтынушыны дереу хабарлап, сұраныс бойынша электр энергиясымен жабдықтауды тоқтатады.

3) Шарт жасасуға және оны орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге;

4) тұтынушыдан келтірілген нақты залалды толық көлемде өтеуін талап етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған

өзге де құқықтарға құқылы.

22. Жабдықтаушы:

- 1) Шарттың талаптарына сәйкес электр энергиясын беруге;
- 2) төлемақы өтемеуіне байланысты тұтынушыны ажыратудан бұрын жазбаша түрде ескертуге;
- 3) электрмен жабдықтау қызметтерінің тарифтері, оның өзгертулері туралы ақпаратты тұтынушыға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлауға;
- 4) тұрмыстық тұтынушыдан оған ұсынылатын электр энергиясы үшін өз қасалары арқылы, сондай-ақ банк операцияларының және түрлерін көрсететін банктер мен ұйымдар арқылы төлем қабылдауды қамтамасыз етуге;
- 5) тұтынаған электр энергиясының төлемін өтеу үшін тұтынушыға ай сайын төлем құжатын ұсынуға;
- 6) табиғи монополиялар және реттелетін нарықта саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісілген тарифтер бойынша электр энергиясын ұсынуға (тиісті нарықта үстемдік танытатын, реттелетін нарықтың доминанттар тізбесіне кіретін жеке тұлғалар үшін) міндетті.
23. Жабдықтаушы тұтынушыға тәулік аймақтары және (немесе) оны тұтыну көлеміне байланысты (жеке тұлғалар үшін) сараланған тарифтер бойынша электр энергиясын өткізуден (сатудан) бас тартуға құқығы жоқ.

7. Тараптардың жауапкершілігі

24. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған немесе мүлдем орындамаған жағдайда, Тараптар нақты келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

25. Жабдықтаушы форс-мажор жағдайларында (сұрапыл оқиғалар, әскери іс-қимылдар және т.б.), сонымен қатар жабдықтаушының өркінен тыс болған жағдайларда (электр тарату желілерінің және басқа да құрал-жабдықтардың зақымдалуы немесе ұрлануы т.т.) тұтынушының алдында материалдық жауапкершілікке тартылмайды.

26. Тараптар өздерінің атауларының, заңды мекен-жайларының, нақты тұрғылықты жерінің өзгергендігі және осы Шарт талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелері туралы бір-біріне желден түрде хабарлауға міндеттенді.

8. Қорытынды ереже

27. Шарт тараптардың қол қойылған күннен бастап бір жыл мерзімге жасасқан болып есептеледі.

Шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың бірі Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтінім білдірмеген жағдайда, Шарт жасасқан кездегі талаптармен сол мерзімге ұзартылған болып есептеледі.

Шарт Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

28. Осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты жабдықтаушы мен тұтынушы арасындағы барлық даулы мәселелер заңнамада белгіленген тәртіпте шешіледі.

29. Шартқа тараптардың келісуінің негізіндегі барлық өзгертулер мен тоқтатылулар Шарттың ережелеріне қайыны келмеуі тиіс, олар қосымша келісім түрінде ресімделеді, тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылып, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша ресімделеді.

30. Осы Шарт әр тарап үшін және орыс тілдерінде бір-бір данадан бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі ұқсас данада жасалған. Тұтынушының қалауы бойынша белгіленген тілдердің біреуінде Шарт жасауға рұқсат етіледі.

31. Қайта есеп айырысуға әкелетін барлық өзгерістер тұтынушының барлық қажетті құжаттары міндетті түрде қоса бере отырып, жабдықтаушының мекен-жайына жазған өтінішін берген күннен бастап жүргізіледі. Қайта есеп айырысу кемінде 3 (үш) ай кезеңінде жүргізіледі.

32. Осы Шарттың Жабдықтаушыға Жабдықтаушыларға ол туралы немесе Шарттың талаптарын орындау мақсатында болашақта көрсетілген көзге түсетін және деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға, сондай-ақ тұтынушы туралы барлық мемлекеттік/мемлекеттік емес органдарда, оның ішінде сот органдарын қоспағанда, және деректерді таратуға келісім берді.

Осымен тұтынушы оның жеке деректерін жинауға, өңдеуге және таратуға қандай да бір қосымша келісім талап етілмейтінін және олардың осы Шартты орындау үшін тұтынушының жеке деректерді жинауға, өңдеуге және таратуға қатысты келесішект Жабдықтауға қандай да бір талаптар болмайтынын растайды.

9. Тараптардың деректемелері

«Жабдықтаушы»:

«Шиегі жарығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Шиегі кенті, Байтұрсынұв көшесі №5
«Қазақстан Халық Арна» АҚ
Қызылорда обл. филиалы
Есеп шот: КЗ866010201000006009
БИК: HSBKKZKX
СТН: 330800004473
БСН: 971140002240

Қасымов Қ.А.

ЕСКЕ АЛУ

Әулетіміздің ардақтысы, отбасымыздың тірегі, асқар тауымыз Лепес Қалиметті өмірден озғанына да әнеміне дегенше 5 жыл болмапты. Шаңырағымыздың алтын дүңгіреті көзі тірі болғанда бір кезді 70 жасқа толар еді.

Лепес Қалиұлы 1946 жылдың 15 ақпанында Арал ауданының Райым ауылдық кенесінде дүниеге келген. 1968 жылы почта байланыс бөлімшесінде оператор болып еңбек жолын бастады. 1969-1972 жылдары Алматы электр техникумын желілік байланыс техникі мандандығы бойынша бітірген. 1982 жылы Арал аудандық байланыс торабы қызметінде жүріп, өндірістен қол үзбей Қызылорда педагогикалық институтын физика-математика факультетін бітірді. 1993-1995 жылдары Арал аудандық телефон байланысының, 1995-2009 жылдар аралығында Қызылорда қалалық телефон жүйесінің басшысы қызметтерін абдырайлы атқарып, зейнет демалысына шықты.

Өмірінің 40 жылға тауу уақытын байланыс саласына арнаған аулы жаңымыздың атқарған жемісті еңбектері ескерусіз қалған жоқ. Құрметті байланысшы, «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы» мерекелік медалі, мақтау қағаздар мен алғыс хаттар өлеусіз еңбектің өтеуі десе болады.

Тұра жүріп, әділді айтатын мінезі, үлкенге сыйлы, кішіге құрметті, беделді кісілік пен пенделшілігі талғам таразысына салатын парасаты әлі күнге көз алдымызда. Алланың жазуына не шара? Асқар тауымызды еске ала отырып, жатқан жерін жайлы, топырағын торқа, иманың жолдас болсын дегіміз келеді.

Еске әлешулар: **зайыбы, балалары мен немерелері.**



Жоба

«2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне және «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5316 тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Қызылордалинские вести» газеттерінде 2016 жылдың 28 қаңтарында жарияланған) келесідей толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулым бекітілген, техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлігін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық жобалардың тізібесінде:

«1. «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі» бөлімі мұндай мазмұндағы реттік нөмірлері 2, 3 және 4-жолдармен толықтырылсын:

«2 Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы газ тарту желілерінің құрылысы 37 843

3 Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын жүйумен жабдықтау 80 421

4 Екі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін мемлекеттік сараптамадан өткізу 5 153

(жүйумен қамту, газбен қамту);

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ.Кошербаев.**

С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде облыстық мәдениет басқармасының бастамасымен қарымды қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сарбұлақ Ибрашұлын еске алу кеші болып өтті. Онда журналист-жазушы жайлы замандастарының, туыстұғандарының естеліктері берілген бейнеролик көрсетіліп, оның сөзіне жазылған “Мұстафа” әні орындалды. Еске алу кешін ардагер журналист Өтеген Жаппарханұлы қысқаша сөз сөйлеп ашты.

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚАДІРЛІСІ

– Мен білетін Сарбұлақ сабырлы, еңбекқор, ізденімпаз, адамдармен тез тіл табысуға жаттылатын жан еді,– деді ол. – Аудандық “Сырдария”, одан кейінгі жылдары “Тіршілік”, “Самала”, “Көз” газеттерінде жемісті еңбек етті. Әр адам көмүлі жатқан қазына секілді, оның бойында қандай ерекшелік, қандай қасиет бар, жақын араласа келе білесің. Мәселен, Сарбұлақтың ақындығын беріде білдік. Адами қасиеттерге бай, уәдеге берік, сөзге шешен болатын-ды. Әріптестерінің бәрі де оның еңбекқорлығы мен тау қозғалса қозғалмайтын сабырлылығын жоғары бағалайтын. Сол тынымсыздығы емес пе, қатарынан үш газет шығара жүріп, төрт-бес кітаптың авторы болып та үлгірді.

Кеште сөз алған ардагерлер Бектұрған Нұрсейітов пен Мұхамеджан Нұрханов С.Ибрашұлының өмір жолынан естеліктер айтты. Алғашқы еңбек жолын ауылдағы автоклуб меңгерушілігінен бастаған Сарбұлақ Ибрашұлы Сырдария аудандық мәдениет бөлімінде, аудандық атқару комитетінде жемісті еңбек етті. Журналистика саласындағы алғашқы қадамы Сырдария аудандық “Сырдария” газетінің бөлім меңгерушілігінен бастау алды. Қай салаға қалам тартса да айшықты ой айтып, оқиғасы тартымды тілмен суреттелетін оның шығармалары оқырман көңілінен шыға білді. Аудандық газет тілшісі бола жүріп, алты Алаштың ардағы, түрік халықтары көсемдерінің бірі саналатын Мұстафа Шоқай туралы республикада тұңғыш рет монографиялық еңбек жазды. Әріптестері арасында шым-шыма әзілімен, ақкөңіл мінезімен, жомарттығы және бірсөзділігімен сыйлы болған Сәкен ағайын арасында да лайықты құрметке ие

болған-ды. Сәкеннің кісілігі мен кішіпейілділігі, өзіне көмек сұрап келген ағайын мен қызметкерлердің меселін қайтармайтындығы жайлы әңгіме өрбіткен көпшілік оның ел есінде мәңгі қалатыны жайында әңгімеледі.


Сырдария ауданы жабылып, оның газеті тарағаннан кейінгі жылдары С.Ибрашұлы “Тіршілік”, “Самала”, “Көз”, “Сыр спорты” газеттерінің басшылығында болып, олардың көптеп таралуы үшін талмай еңбектенді. Солай жүріп “Қарт Қаратау, тіл қатшы”, “Мақпал түндер музасы – Ай”, “Қызғаныш тауқыметі” және “Махаббат құрмалдығы” атты кітаптарды жарыққа шығарды. Ал оның қолжазба күйінде соңында қалған “Сайыпназар ахун” атты кітабы зайыбы Анархан Марданованың бастамасымен және “Сайыпназар ахун” қорының қолдауымен өткен жылы жарыққа шықты.

Еске алу кешіне жиналғандар кенттегі №1 кітапхана ұжымының журналистің кітаптары мен әр жылдары әртүрлі газеттерде жарық көрген өзекті мақалаларынан жасаған көрмесін тамашалады. Жастар С.Ибрашұлының “Текті ұл еді”, “Әріптестеріме” атты өлеңдері мен шығармаларынан үзінді оқыды. Облыстық мәдениет саласында өзіндік өнерімен көзге түсіп жүрген өнерпаздар Үміт Мелеуова, Еркебұлан Өтеуов, Рауза Ысқақова, Данияр Есетов пен Ғайни Жұманова және мәдениет үйінің директоры Қайрат Жәлімбетов кештің есте қалатындай өтуіне өзіндік үлес қосты.

Кешті қарымды қаламгер Сарбұлақ Ибрашұлының зайыбы Анархан Марданова қорытындылап, көпшілікке өз алғысын жеткізді.

Жұмағұл БАЛАБАЙҚЫЗЫ.
Тасбөгер кенті.

ШЫРАЙЛАНҒАН ШАҒАР



Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

● СҮЛЕЙЛЕР СҮРЛЕУІ

Қазақтың ұлт болып қалыптасуында Сыр өңірі ерекше орын алатыны даусыз. Бұл бай тарихы бар әрі өміршең мәдениеттің ұлы көшін жасаған өлке. Өткен дәуір мен келешек жолдың алтын көпірі – дәстүр мен салттың алтын сақадай сақталған мекені осы ордалы елдің елі екені белгілі. Ұлы Тұран даласының тұрағы болып, Ұлы Жібек жолына жонын тосқан бұл өлкеден күміс көмей жыраулар көптеп шықты. Елбасымыздың «Сыр – Алаштың анасы» деген қанатты сөзі елдік қасиетін ұлықтаған киелі жердің бағасын паш еткендей.

Дүлдүл өнер иелерінің мекені саналатын киелі Қармақты топырағы дүйім жұртқа жампоз жырауларымен, даңқты шайырларымен танымал. Атадан мирас болған алдаспан өнерді ардақтап, оның өркендеуіне өз қолтаңбасын қалдырып жүрген өнер тарландарының тынысы тарылмақ емес. Себебі, киелі өнердің қадірін арттырып, құндылығын дәріптейтін өнерсүйгіш халқы бар. Осы өрісі кең өрелі өнер өлкесінің табиғи талант иесі, қолбарыс рухты жыр жампозы Жиенбайдың ұрпағы Бидас Рүстембековтің 65 жылдық мерейтойы жуырда Қармақты аудандық К.Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінде өтті.



ЖЫР ЖАМПОЗЫ

«Жыр жампозы – Биаға» атты шығармашылық кешті белгілі жырау Серік Жақсығұлов жүргізіп отырды. Кешті аудан әкімінің орынбасары Әділ Қошалақов ашып, мерейтой иесіне аудан әкімінің құттықтауын жеткізді. Мұнан соң Жосалы кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақсыбай Жәкеев лебізін былайша өрнектелі: «Жырау – елдің өнерін айшықтаған дарабоз өнер иесі. Сыр өнері көне мәдениеттің мәйегі, тұнған тарих. Кешегі күміс көмей Көшенейдің қоңыр үні әлі күнге қазақ халқының жүрегінде.

Біз сол үнінің жалғасына куә болдық. Бұл Бидастың атамұра өнерге деген адалдығы. Өнер иесінің шекпенінен шыққан шәкірттер бүгінде халықаралық, республикалық деңгейде өткізілген түрлі байқаулардың жеңімпаздары атанып жүр. Олардың бір бөлігі Астана, Алматы, Қызылорда қалаларында еңбек етуде. Бидастың өзі аудан орталығындағы Көшеней Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінде дарынды жастардың талабын ұштап келеді».

Мерейтой иесіне арналған акеден тілек, ыстық ықылас мұнымен шектелмеді. Келесі сәтте мәдениет саласының ардагері Ұрзахия Махамбетова, Темірхан Әбейітов, ақын Талайлы Досымова естеліктер айтты. Ал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Бактияров, Т.Салқынбайұлы атындағы әуез мектебінің директоры Талғат Қуанбаев, «Қорқыт ата» музейінің меңгерушісі Мағауия Әлиевтер өнерпазға құрмет көрсетіп, сый-сияпат табыстаса, Серік Жақсығұлов жырау Алмас Алматовтың арнау өлеңін оқып берді.

Кезек жыршыларға берілгенде «Көшеней жырау» үйірмесінің жетекшісі Әйгерім Ешбаева жыр-толғау орындады. Ұстазға деген ізгі тілектерін шәкірттер қауымы жыр-шашуымен жеткізді. Мәселен, жас жыршылар – Мәлика Алдамжарова, Тоғжан Бақытова, Арай Оңғарқызы, Нұришат Қылышбаева және Рашид Әбенов Сыр сүйелері шығармаларын нақышына келтіре орындап, көрермендер көшеметіне бөленді.

Әсерлі кездесуден кеш қонақтары алабөтен рухтанып, жандары жадырап шықты. Айта кетейік, осындай жүздесулер Ақжар, Ақтобе ауылдарында да ұйымдастырылып, жыр жампозына сый-құрмет көрсетілді.


Тұрар ШАЙДІЛДАУЛЫ.
Қармақты ауданы.

● СПОРТ

ЖАСӨСПІРІМДЕР ОЛИМПИАДАСЫНА ҚАТЫСАДЫ

Қазақстандық мәнерлеп сырғанаушы Элизабет Тұрсынбаева ақпанның 12-сі мен 21-і аралығында Лиллехаммер қаласында өтетін (Норвегия) II қысқы жасөспірімдер Олимпиада ойындарына қатысады. Осы айдың 14-і күні 16 жасқа толатын спортшы қыздың өнерін «KAZsport» арнасынан тамашалауға болады. Бағдарлама бойынша Элизабет 14, 16 және 20 ақпан күндері өнер көрсетпекші.

Ел намысын қорғайтын жерлесімізді 2013 жылдың соңынан бері әлемге танымал қанадалық банкер Брайан Орсер жаттықтырып келеді. Орсер Ванкувер олимпиадасының чемпионы корейлік Ю-на Кимді, Сочи олимпиадасының чемпионы жапониялық Юдзуру Ханоды дайындаған маман. Канадалықтың кезекті чемпион шәкірті Элизабет атанады деп үміттенеміз.



ЖАТТЫҚҚАНҒА ДЕРТ ЖОЛАМАЙДЫ

Егер де салауатты өмір салтын ұстанам десеңіз, күнделікті дене қимылдарын жасап, жаттығуды серік еткеннің пайдасы ұшан-теңіз. Көңіл-күйге оң әсерін айтағанда, жаттыққанға ауру жолай бермейтіні дәлелденген жайт. Мұны халық арасында насихаттау мақсатында жуырда ерекше іс-шара өтті.

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен «Срудит» фитнес орталығы, «Оян, Қызылорда» спорттық қозғалысының ұйымдастыруымен И.Ильин сабағында көпшіліктің қатысуымен гимнастикалық жаттығулар жасалды. Алғашқы мәрте ұйымдастырылған шараға үлкен де кіші де атсалысты. Айта кетейік, бұл шара И.Ильин саябағында және Өйтеке би көшесінде орналасқан «Қазкоммерцбанк» ғимараты алдындағы спорт алаңында айына екі мәрте өтетін болады. Келесі шараны 20 ақпан күні өткізу жоспарлануда.

КІШІ ФУТБОЛДЫҢ КҮШІ МЫҒЫМ

Кіші футболдан Қазақстан құрамасы жарап тұр. 10 ақпан күні Сербияның Белград қаласында Рикардо Камара шәкірттері Италия құрамасын тас-талқан етіп ұтып, Еуропа чемпионатының жартылай финалына шықты.

Былтыр чемпион атанған командамыз 5:2 есебімен ойсыратқан біздің құрамадағы Лео алғашқы және соңғы голдың авторы атанды. Сондай-ақ, Жаманқұлов, Есенманов, Нұрғожиндер бір-бір доптан соғып, «Белград» аренасында керемет ойын өрнегін көрсетті.

Футзалдан Қазақстан құрамасының бұл жетістіктері ФИФА рейтингінде екі сатыға жоғарылауға өз септігін тигізді. Қазіргі таңда біздің құрама 13-орынға жайғасқан. Рейтингіті Испания бастап тұр. Жерлестеріміз бүгін көш басындағы испандықтармен күш сынасып, финалға жолдаманы сарпақ салады.

Естеріңізге сала кетейік, кіші футболдан Қазақстан құрамасы биыл Колумбияда өтетін әлем чемпионатына іріктеу турнирінің плей-офф бөсекесіне жолдама алған болатын. Соңғы ойында Франция командасын 4:2 есебімен тізе бүктірген Қазақстан құрамасы өз тобының жеңімпазы атанған еді.

Нағымжан САУЯЕВ.

ҰЗАҚ ЖАСАУДЫҢ СЫРЫ

Өмірдің құпия қырларына әлі толық бойлаған жоқпыз. Бұралаң, қалтарысы көп адам өмірі тосын сый мен қызықтарға толы. Адамзат ұзақ өмір сүрудің сыры мен әдістерін мыңдаған жылдар бойы тынбай іздеу үстінде. Десек те, әркім пешенесіне жазғанын көреді. Бүгін біз ұзақ жасаудың сыры жөнінде ой бөліскенді жөн көрдік.

Адам денсаулығын жақсартпа білу, сол үшін күресу – өмір талабы. Елбасымыз Н.Назарбаевтың “Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ” атты Жолдауында халықтың орташа өмір сүру ұзақтығын саламаттығы өмір салтын орнықтыру арқылы 80 жасқа дейін жеткізу жөнінде айтылған болатын. Бұл тұрғыда ДДҰ тұжырымдамасына сүйенсек, ұзақ жасау бірнеше факторларға негізделеді. Бірінші кезекте адамдардың денсаулығы мен өмірінің ұзақтығы олардың өмір сүру салтына – 50%, қоршаған орта мен экология әсеріне – 20%, медицина саласының қызмет деңгейіне – 10% және тұқым қуалаушылық факторға 20% байланысты екен.

“Адамның жасын еңбек ұзарттады” – деп тегін айтылма-са керек. Себебі, ұзақ жасаушылар ауылдық жерде тұрып, сонда жұмыс істейтіндер арасында көбірек кездеседі. Дұрыс қимыл-қозғалыс та жүз жасаудың бірден-бір жолы. Өркеніетті елдерде

көптеген адамдар қозғалыстың аздығынан зардап шегеді. Мұндай дерттің емі – жаттығу. Күніне 3 шақырымдай жаяу жүріп, таза ауада серуендеу денсаулыққа өте пайдалы. Демек, жасы ұлғайғандардың бәрі де тыныс алу жаттығуларымен айналысқаны жөн.

Ғалымдардың болжауынша, адам өмірін ұзартудың екі жолы бар. Біріншісі, дәрі-дәрмектік, яғни фармакологиялық немесе генетикалық жолмен болса, келесісі, жас келген сайын адам ағзаларында жүретін қартаю әдістерін жеңу. Өзірше “жастық эликсирін” табу еш елде ешкімнің қолынан келген жоқ. Соған қарамай, адам өмірін ұзартатын заттар анықталды. Оған көк шай, С витамині, құрамында полифенол бар жүзім және какао тәрізді заттар жатады екен. Тағы да Гарвард мектебінің ғалымдары, аптасына 1 рет майлы балық етін жесенді, өмірінің екі жылдан астам уақытқа ұзарды деп

ХАБАРЛАНДЫРУ

13.02.2016 жылы облыс прокурорының орынбасары Райханов Руслан Жоламанұлы Қызылорда қалалық прокуратурасының ғимаратында (Шүкүров көш., 62) жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымды бойынша қабылдау жүргізеді.

Жеке қабылдауға 24-78-69, 24-81-79 байланыс телефондары арқылы жазылуға болады.

2016 ЖЫЛҒЫ 8 АҚПАҢДАҒЫ МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕСЕПТІЛІК ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Аудан	Келін түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	464	1
Қазалы ауданы	184	2
Шиели ауданы	176	3
Жанақорған ауданы	146	4
Қармақты ауданы	132	5
Арал ауданы	55	6
Жалағаш ауданы	42	7
Сырдария ауданы	24	8

Меншік иесі: Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматали ӨБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және апарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
өлеумет және саясат - 70-00-41
жарнам - 70-00-49, 70-00-52
есепшілік - 70-00-39, 70-00-38
зәңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиели, Жанақорған:
Нұржан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күнінің №12983-7, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертификатталған.

Алғашқы аламын тегісімен бойынша теленді, қолжазба материал және өтіріктерді, Жазылмақ газетті түпнұсқа көзқарасын білдірмейді. “Ақ” өңелі қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Алаштың” - 23-54-51, “Еркін-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редкция менен-налы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 28444

Тапсырыс № 159

Электронды оқылым – 28000.